

ТЕНІЗШЕВРОЙЛ

Прогресті жігерлендіру



Корпоративтік
жауапкершілік
туралы есеп

2021



Корпоративтік
жауапкершілік
туралы есеп

20
21

МАЗМҰНЫ

БАСШЫЛЫҚТЫҢ АЛҒЫ СӨЗІ.....	02
ТШО ТУРАЛЫ.....	03
БІЗДІҢ 2021 ЖЫЛҒЫ ЖЕТІСТІКТЕРІМІЗ.....	04
ТШО-ның САРА ЖОЛЫ.....	06
АЙМАҚТЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ӨМІРІНЕ ЫҚПАЛ	08
COVID-19-ға қарсы күрес «Игілік» бағдарламасы Әлеуметтік инвестициялар бағдарламасы	
ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ӘСЕРДІ БАРЫНША АЗАЙТУ.....	16
Қоршаған ортаны қорғау Биоалуантүрлілік Экологиялық мониторинг Адамдар денсаулығын қорғау Өндірістің технологиялық қауіпсіздігі	
ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚАМТУДЫ ДАМУ.....	34
Қызметтер мен жабдықтарды отандық компаниялардан сатып алу және қамтушыларды дамыту Жергілікті қамтуға қатысты оңды тәжірибелер Шетелдік жабдық өндірушілерді қазақстандықтармен алмастыру Жаңа технологияларға көшу	
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ.....	39
Қызметкерлерді дамыту және оқыту Әлеуметтік пакет Жұмыс күшінің әр алуандылығы және ортақтастық Цифрландыру мәдениеті	
БАЙЛАНЫС ДЕРЕКТЕРІ.....	48

Басшылардың алғысөзі



Кевин Лайон
ТШО бас директоры

Құрметті оқырмандар!

2021 жыл бұрын-соңды болмаған тағы бір жыл болып өтті. COVID-19 пандемиясы артта қалады деп үміттенгенімізге қарамастан, салдары 2021 жылы да қызметімізге әсерін тигізбей қоймады. Қызметкерлеріміздің денсаулығына ерекше назар аударуды жалғастыра отырып, 2021 жылдың соңында Теңізде жұмыс істейтін адамдар үшін вакцинациялау деңгейін 95%-ға жеткіздік. Қызметкерлеріміз пандемия қатерін үйрену мен жетілудің мүмкіндігі деп қабылдап, табандылық, шыдамдылық таныту арқылы компания қызметін жақсартта білді.

Сондай-ақ, біз жылды тамаша нәтижемен аяқтап, бірқатар жетістіктерді атап өттік: өндірістік жоспарларымызды орындадық, Келешек кеңею жобасы – Ұңғы ернеуіндегі қысымды басқару жобасын (ККЖ-ҰЕҚБЖ) алға жылжытып, жүзеге асыру көрсеткішін 89%-ға жеткіздік, және де жыл сайынғы күрделі жөндеу жұмыстарын жоспарлы мерзімнен төрт күн бұрын аяқтадық. 2021 жылы компанияның 28 жылдық тарихында алғашқы рет шикі мұнай өндіру көлемін 500 миллион тоннадан (4 миллиард баррель) асырып, теңдесіз межеге қол жеткіздік. Бұндай көлемге 2000 жылдан бергі шығарындылардың қарқындылығын 65%-ға және алдыңғы бес жылдық кезеңмен салыстырғанда алауда жағудың жалпы көлемін 68% -ға төмендету арқылы қол жетті.



Айбек Қрамбаев
ТШО бас директорының орынбасары

ТШО елге 162 миллиард АҚШ долларынан астам тікелей қаржы, оның ішінде 1993 жылдан бері жергілікті тауарлар мен қызметтерді сатып алуға 40 миллиард АҚШ долларынан астам қаржы төлей отырып, Қазақстан Республикасы алдындағы өз міндеттемелерін орындауды жалғастыруда. Тек 2021 жылдың өзінде қазақстандық қамту деңгейі 68%-ды құрады – бұл 2010 жылдан бергі ең жоғары көрсеткіш. 1993 жылдан бері ТШО Атырау облысының тұрғындары мен компания қызметкерлеріне арналған түрлі әлеуметтік жобаларды қаржыландыруға 2,3 миллиард АҚШ долларынан астам қаражат бағыттады.

Біз үшін өткен жылы Қазақстан Республикасы тәуелсіздігі мен егемендігінің, осынау ұлы дала халқы бірлігінің 30 жылдығын атап өту үлкен мәртебе болды. Біз Теңізді алғаш ашушылардың кенішті ашудағы және технологиялық тұрғыда әлемдегі ең күрделі кеніштердің бірін жайғастырудағы баға жетпес еңбегіне ризамыз. Және де өндірістің қауіпсіздігі мен сенімділігін күн сайын қамтамасыз етіп отырған өзіміздің білікті де талантты қызметкерлерімізді мақтан тұтамыз. Олардың бәрі де компанияның негізгі мақсатына адалдық танытып, Қазақстан Республикасының, төрт акционеріміз бен өз қызметін жүргізіп отырған қоғамдастықтың дамуына баға жетпес үлес қосуда.

Маңызды деген барлық жетістіктің сыртында ТШО-да еңбек ететін адамдардың керемет тарихы, корпоративтік мәдениетпен астасқан олардың күш-қуаты тұр. Бұның бәрі де біздің негізгі құндылық-адамдардың денсаулығы мен қоршаған ортаны қорғай отырып, Теңіз кенішінің қуатын ашуда біртұтас ұжым болып бірігуімізге көмектеседі.

ТШО-ның тарихы



Алға жігерлендіру

Қазақстанның батыс аймағында орналасқан Теңіз мұнай кен орны 1979 жылы ашылды.«Теңізшевройл» компаниясы 1993 жылдың сәуір айында алғашқы серіктес құрылтайшылары-Қазақстан Республикасы Үкіметі мен «Шеврон» корпорациясының келісімге қол қоюы негізінде құрылды.

Бүгінгі таңда ТШО-ның серіктестері:

50%

Шеврон

20%

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ

25%

Эксон-Мобил

5%

ЛукАрко

Мұнай кен орны туралы


Теңіз кен орнының аумағы үлкен, ені 20 километр (12 миль) де, ұзындығы 21 километр (13 миль). Бағалау бойынша, Теңіз және Королев кен орындарының қоры шамамен 1,4 миллиард тонна (11,5 миллиард баррель). Теңіз кеніші коллекторындағы бағаланған қор көлемі 3,1 миллиард тонна (25 миллиард баррель). Кеніш әлемдегі ең терең, алып мұнай кен орны болып табылады, мұнайлы коллектордың жоғарғы жағы шамамен 4000 м (13 000 фут) тереңдікте орналасқан.

БІЗДІҢ 2021 ЖЫЛҒЫ ЖЕТІСТІКТЕРІМІЗ

Қауіпсіздік техникасы, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау




Газды кәдеге жарату



Суды қайта пайдалану



Қалдықтарды қайта пайдалану/қайта өңдеу



COVID-19-ға қарсы күресте Қазақстанды қолдау

Қазақстан экономикасына үлес

Қазақстан Республикасына тікелей төлемдер
\$ 9 млрд

2021 жылы

\$ 3,6 млрд

астам қаржыға қазақстандық қамтушылардың тауарлары мен қызметтері сатып алынды

1993 жылдан бері

\$ 40 млрд

астам қаржыға қазақстандық қамтушылардың тауарлары мен қызметтері сатып алынды

Қызметкерлерді дамыту



Негізгі өндірістегі қазақстандық қызметкерлер

94%

Негізгі өндірістегі қазақстандық менеджерлер мен супервайзерлердің үлесі

88%

Әлеуметтік ортаға инвестиция

ТШО 1993 жылдан бері Атырау облысының тұрғындары мен компания қызметкерлеріне арналған әртүрлі әлеуметтік жобаларды қаржыландыруға 2,3 миллиард доллардан астам қаржы бөлді.

2021 жылы «Игілік» ерікті әлеуметтік инфрақұрылым бағдарламасы шеңберінде 25 миллион АҚШ доллары көлемінде қаржы жұмсалды.

Әлеуметтік инвестициялар бағдарламасының бюджеті 1,6 миллион АҚШ долларын құрады.



ТШО-ның сара жолы

Біз кімбіз?

Біз замануи экономиканың қозғалтқыш күші болып табылатын мұнай, газ және ілеспе өнімдерді өндіретін жетекші компаниямыз. Біздің тарихымыз тәуелсіз Қазақстанның өсіп-өркендеуімен тығыз сабақтасып келеді.

Біз неге сенеміз?

Біз қоршаған ортаға әсерді барынша азайтып, қауіпсіз, сенімді және жауапкершілікпен жұмыс істеуге міндеттенеміз. «ТШО-ның сара жолында» сипатталған өзгешелік пен ортақтасуды құрметтеу, жоғары өнімділік, адалдық пен сенім, серіктестік және адам денсаулығы мен қоршаған ортаны қорғау құндылықтары біздің кім екенімізді анықтайды және нәтижеге жетуімізге ықпал етеді. Біз әлеуметтік жауапкершілікпен жұмыс істейміз және өзіміз қызмет атқаратын қауымдастықтарға және қызметкерлеріміздің әл-ауқатына инвестиция салуға міндеттенеміз. Біз тұрақты жергілікті компаниялар экономика мен қоғамға пайда әкелетініне сенеміз, сол себептен біз жергілікті кәсіпорындардың әлеуеттері мен жетістіктерін дамытуға қолдау көрсетудеміз.

Қызметіміз қандай?

Біз үйлерді жылытатын, көліктерге отын беретін, бизнесті қолдайтын және қоғамға пайда әкелетін өнімдерді қауіпсіз және сенімді түрде өндіреміз. Сонымен қатар, біз Қазақстан Республикасы мен өзіміз қызмет ететін Атырау облысының экономикалық дамуына зор үлес қосып келеміз.

Мақсатымыз неде?

Біздің басты мақсатымыз – Қазақстан Республикасы, төрт акционерімізбен өзіміз тұратын және жұмыс істейтін қоғамдастық үшін және өзіміз үшін құндылық жасау. Біз ел экономикасының өсуіне және оның болашағына үлес қосып отырғанымызға мақтанамыз. Біз болашақ ұрпақ үшін жаңа мұра жасаудамыз.

Оны қалай жүзеге асырып жатырмыз?

Біз қызметімізді жоғары жауапкершілікпен атқарамыз, нәтижелерге дұрыс жолмен қол жеткіземіз және өз көрсеткіштерімізді жетілдіру жолында әрқашан үздік болуға тырысамыз. Біз жоғары көрсеткіштерге қызметкерлеріміздің – әркімнің пікірі ескерілетін командада жұмыс істейтін алуан түрлі ұжымның, сондай-ақ технология, цифрландыру, инновация және кәсіби шеберліктері арқасында қол жеткізудеміз. Біз үкіметке, акционерлерге, жұртшылыққа, іскер серіктестерге, тұтынушыларға және бір-бірімізге құрметпен қарап, сенімді, бірлескен және тиімді қарым-қатынас орнатамыз.

Біз қайдан келдік?

Біз Қазақстан тарихын, салт-дәстүрі мен мәдениетін құрметтейміз. Біз Теңізді алғаш ашушылардың кенішті ашудағы және технологиялық тұрғыда әлемдегі ең күрделі кеніштердің бірін жайғастырудағы баға жетпес еңбегі үшін алғыс айтамыз. Олар болашақ ұрпақ үшін берік іргетас қалап кетті.

Біз қайда барамыз?

Біз Теңіз кенішіндегі келесі ірі кеңейту жобасын бастап кеттік. ККЖ-ҰЕҚБЖ оқытылған қызметкерлер құрамы, жаңа нысандар, Қазақстан мен халықаралық компаниялар арасындағы серіктестік арқасында технологиялармен алмасу және аймақтағы жақсартылған инфрақұрылым түрінде мұра қалдыратын замануи жоба болып табылады. Бұл еліміздің болашақ ұрпағын әлемдік деңгейдегі көмірсутек ресурстарымен қамтамасыз ететін Қазақстан үшін мемлекеттік маңызы бар айтулы жоба.



Біз – ТШО-мыз

Мақсат

Біздің басты мақсатымыз – Қазақстан Республикасына, ТШО-ның құрылтайшыларына және қызметкерлерімізге пайда әкелу.

Келешекке арналған міндет

Қызметкерлерінің кәсіпқойлығы, серіктестік қарым-қатынастары мен өндірістік көрсеткіштері сый-құрмет тудыратын әлемдегі ең қауіпсіз, ең тиімді және табысты мұнай-газ кәсіпорны болу.

ТШО-ның сара жолы

Дұрыс әдістермен нәтижеге жету

ТШО-ның сара жолы біздің кім екенімізді, неге сенетінімізді, мақсаттарымызға қалай жететінімізді және не нәрсеге ұмтылатынымызды айқындайды.

Бұл біздің құндылықтарымыз бен мінез-құлық үлгілерімізді тек біз ғана емес, сонымен бірге серіктестеріміздің барлығы түсінуін қамтамасыз етеді.





Аймақтың әлеуметтік өміріне ықпал

ТШО-ның әлеуметтік бастамалары Атырау облысы қоғамдастығы мен оның әрбір тұрғынының шексіз әлеуетін толық ашуға және ынталандыруға бағытталған. ТШО денсаулық сақтау, білім беру салаларын және әлеуметтік кәсіпкерлікті жетілдіру мен олардың қол жетімділігін қамтамасыз ете отырып, адамдар үшін мүмкіндікті кеңейтуге ұмтылады.

COVID-19 пандемиясымен күрес

COVID-19 салдарынан туындаған сын-қатер бірліктің, аяшылық пен адами күш-қуаттың кез келген кедергіні жеңуге көмектесетінін дәлелдеді. ТШО Қазақстан Республикасы Үкіметімен бірге жергілікті денсаулық сақтау органдарын медициналық жабдықтармен және басқа да жарақтармен қамти отырып, COVID-19-ға қарсы тұра білді.

Грузиядан келген дәрігерлер

COVID-19 пандемиясы басталысымен-ақ, Атырау облысы әкімдігі үшін ең басты проблеманың бірі- дәрігерлер тапшылығы болды. Осы мәселені шешу үшін Атырау облысының әкімдігі №2 Атырау облыстық ауруханасында «COVID-19 жұқтырған науқастарды емдеу және емделушілер ағынын басқару бойынша медициналық қызмет көрсету» жобасын қолға алды. Атырауға Грузиядан кәсіби дәрігерлер келіп, жергілікті қызметкерлермен бірге 20 төсектік жансақтау бөлімін, сондай-ақ барлық құрал-жабдықтары, дәрі-дәрмектері мен медициналық құралдары бар жедел жәрдем бөлімін іске қосты.

Вакцинация науқанын цифрландыру

2021 жылы COVID-19 вирусының таралуына қарсы қабылданған шаралар Теңізде жаппай вакцинация науқанының басталуына әкеп тіреді. Цифрлық шешім Теңіздегі қызметкерлерді вакцинациялау барысын қадағалауға мүмкіндік берді. Небәрі жеті айда қызметкерлердің 95 пайыздан астамы екпе алды. Құрылғы медиктер ұжымына мәліметтерді бақылауға, ТШО басшылығы мен мемлекеттік органдарды нақты және өзекті ақпаратпен қамтамасыз етуге септігін тигізді. Сондай-ақ, цифрлық қосымша вакцинаның жеткізілуін бақылауға және екпе алу үшін вакцинация орталығына уақытында баруға көмектесті.

Медициналық жабдықтар

ТШО COVID-19 пандемиясымен күресте Атырау облысын белсене қолдап, төмендегі жобаларды жүзеге асырды:

- денсаулық сақтау басқармасына вакциналарды сақтау үшін әр түрлі сыйымдылықтағы 34 мұздатқыш камерасы сыйға тартылды;
- Жылыой ауданындағы мобильдік топтар үшін 4 шағын автобус берілді;
- 2021 жылдың мамыр-тамыз айлары аралығында Атырау қаласынан вакцинация орталығын ашу үшін Interteach клиникасынан орын алынды;
- 2021 жылы Атырау облысындағы ауруханаларға медициналық жабдықтарды өтеусіз беру бойынша жаңа жоба басталды.

ТШО Атырау облысы қоғамдастығына екі ерікті бағдарлама арқылы инвестиция салады: «Игілік» әлеуметтік инфрақұрылым бағдарламасы және әлеуметтік инвестициялар бағдарламасы (ЭИБ). «Игілік» бағдарламасы әлеуметтік инфрақұрылымды (балабақшалар, мектептер, саябақтар және т.б.) салуға, ал әлеуметтік инвестициялар бағдарламасы Атырау және Маңғыстау облыстарында денсаулық сақтау, білім беру және әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту сапасы мен қолжетімділігін арттыруға бағытталады. ТШО 1993 жылдан бері Атырау облысының тұрғындары мен ТШО қызметкерлеріне арналған түрлі әлеуметтік бағдарламаларды қаржыландыруға 2,3 миллиард доллардан астам қаражат жұмсады.

«Игілік» бағдарламасы

Кәсіпорын «Игілік» бағдарламасы шеңберінде мектеп, емхана, балабақша сияқты әлеуметтік маңызы бар 134 нысан құрылысын салды. «Игілік» 1998 жылы төрт миллион АҚШ доллары көлеміндегі бюджетпен өз жұмысын бастаған болатын. Бүгінде бағдарламаның жылдық бюджеті 25 миллион АҚШ долларын құрап отыр. Кәсіпорын аталған бағдарлама нәтижесінде жаңа нысандарды салу және қызмет көрсету есебінен мыңдаған жұмыс орнын ашты. Мәселен, әрбір салынған балабақша есебінен мұғалімдер, медбикелер және басқа да қызметкерлер үшін шамамен 40-70 жұмыс орны ашылады.

«Игілік» жобаларының тізімі, 2021 ж

Жобалар	Жоба басталған жыл	Жоба аяқталған жыл
Водников ауылындағы 280 орындық балабақша		2021
Ракуша ауылындағы 280 орындық балабақша		2021
Құлсары қаласындағы 580 орындық мектеп		2021
Құлсары қаласындағы 200 төсек-орындық аурухана	2020	2021
Құлсары қаласындағы орталық аурухана	2020	
Құлсары қаласындағы орталық стадион	2021	
Көктем ы.а. балабақша	2021	
Жұлдыз 3 ы.а. балабақша	2021	
Тұщықұдық ауылындағы мектепке жанама ғимарат	2021	



Әлеуметтік инвестициялар бағдарламасы

ТШО 10 жылдан астам уақыттан бері Атырау облысындағы үкіметтік емес ұйымдардың (ҰЕҰ) денсаулық сақтау, білім беру және әлеуметтік кәсіпкерлік саласындағы жобаларына қолдау көрсетіп келеді. Ерлан Күмісқалиев өзінің «Атырау. Шағын ел» жобасын бірнеше жыл бойы дамытумен келеді. ТШО-ның әлеуметтік инвестициялар бағдарламасы (ӘИБ) туралы ол 2019 жылы «Шағын елге» келген еріктілерден естіп-білді. Сол жерде оның жүйке жүйелері ауруына шалдыққан ерекше балаларды атқа міну арқылы емдеу туралы бірегей жобасы еріктілерді таң қалдырмай қоймайды.

Жазда Ерлан әлеуетті қамтушы ретінде өз қызығушылығын электрондық пошта арқылы жібереді. Оң жауаппен бірге ол ұсыныс беру туралы өтініш алады. Онда байқауға қатысушыларға қойылатын талаптар туралы толық ақпарат, ұсынуға қажетті құқықтық құжаттар және ұсынысты толтыру бойынша нұсқаулық көрсетіледі.

«Нұсқаулықта барлық қадамдар: жобалар қалай таңдалатыны, ең жақсы жобаларды кім таңдайтыны, қатысушыларға қандай талаптар қойылатыны, ТШО нені қаржыландырып, нені қаржыландырмайтыны нақты, әрі ашық көрсетілді, - дейді Ерлан Күмісқалиев. - Сөйтіп, 2020 жылы біздің «Шағын елді» дамыту жөніндегі жобамыз кеңестің мақұлдауына ие болды. Ал, келесі 2021 жылға арналған коронавирустан кейінгі оңалту жөніндегі жобамыз өтпеді. Және де шешімнің әділдігіне жалпыға бірдей қол жетімді жеңімпаздар тізімінен бұл мәселемен осы салада құзыреті мол басқа ұйымның айналысатынын көріп, көз жеткіздім. Сондықтан, 2022 жылғы байқауға қатысу үшін жобаны таңдарда, өзіміздің күшті тұсымызға - ерекше күтімді қажет ететін балаларға арналған иппотерапия сабақтарына назар аудардық».



Барлық әлеуетті жобаларды ТШО-ның түрлі бөлімдерінің тиісті құзыреттері бар өкілдерінен тұратын әлеуметтік инвестициялар бағдарламасының кеңесі қарайды. Ең бастысы, жобалар өңірдің экономикалық дамуын ынталандыруға, білім берудің қолжетімділігі мен сапасын арттыруға, халық денсаулығын жақсартуға, экологиялық мәселелер бойынша хабардар етуге, пандемия мен оның зардаптарына байланысты проблемалық мәселелерді шешуге, мүмкіндігі шектеулі жандарды қолдауға бағытталуы тиіс.

«Әрбір жобаны бағалағанда біз арнайы тәжірибенің, мамандардың, техникалық ресурстардың, одан әрі орнықтылық әлеуетінің бар екеніне мән береміз. Осының бәрі біздің қолдауымыздың нәтижесінде жобаның бұрынғыдан да нығайып, облысымыздың барынша көп тұрғындарына пайда әкелуін көздейді, -дейді ТШО-ның үкіметпен және жұртшылықпен байланыс бөлімінің бас менеджері Рзабек Артығалиев. – Орталық Азияның Еуразия Қорының «Жарқыра» жобасы - осының жарқын дәлелі. Олар адамдарға әлеуметтік кәсіпкерліктің қыр-сырын үйретіп, курс аяқталғаннан кейін үздік жобаларға гранттар мен пайызсыз қарыздар берді. Жобаны жүзеге асыру барысында алғашқы қарыздар қорға қайта оралды. Өткен жылы олар өз қызметін жалғастыра отырып, қайтарылған қаражат есебінен жаңа гранттар бөлді. 2021 жылы аталған жобаға қаражат бөлген жоқпыз. Бұл жобаның тұрақтылығы мен дербестігінің көрсеткіші. Компания үшін жобаның пайдалылығы ғана емес, сонымен қатар оның болашақта өмірге бейімді болатындығын, ТШО-ның қолдауына ие бола отырып, қоғамға қайтарымын арттыра алатындығын және өз жұмысын әрі қарай жалғастыратындығын білу өте маңызды. Осылайша, біз Атырау облысының тұрғындарына көмек көрсету философиясын өзгерттік: біз жеке адамдарға дайын «балық» беруді тоқтатып, оның орнына белсенділер мен ҮЕҰ-ды мұқтаж адамдарға «балық аулайтын қармақты» қолдануды, яғни өздерін «балықпен» күнделікті қамтамасыз етуді үйрету үшін қажетті құралдармен қамтамасыз еттік».



2021 жылы «Sezual» белсенділері ғалым Ғалымжан Ғабдырешовтың жетекшілігімен Брайльдің электронды оқулықтарын үш тілде (қазақ, орыс және ағылшын) жасап шығарды. Әлеуметтік инвестициялар бағдарламасы шеңберінде 45 оқулық Атырау облысының нашар көретін балаларына сыйға тартылды. «Sezual»-дың өнертабыстары Дүниежүзілік Банктің мойындауына ие болып, БҰҰ сыйлығының номинанты, «Tribune» сыйлығының жеңімпазы атанды.

Сондай-ақ, компания 2021 жылы «Integrity» тобының жасөспірімдерге болашақ мамандықты таңдауға, басымдықтарды белгілеуге, өздерінің күшті және әлсіз жақтарын, тайм-менеджментті, эмоциялық біліктілікті, қажетті ақпаратты іздеу мен таңдауды үйретуге көмектесетін «Кәсіптік бағдар: болашақты таңдап, өзің басқар» жобасын қолдады. Жобаның маңыздылығын олардың «QAZAQSTAN PROJECT MANAGEMENT AWARDS 2021» атты екінші ұлттық байқаудың «Үкіметтік емес ұйымдар» категориясында «Жылдың үздік жобасы» номинациясында алтын жүлдені жеңіп алғандығы көрсетті.



2021 жылғы қарашада «Орталық Азияның Еуразия Қоры» корпоративтік қоры ТШО-ның қаржылық қолдауымен әлеуметтік жобалардың тиімділігін қадағалау мен бағалау үшін «Күрделі заттар қарапайым сөздермен» нұсқаулығын жариялады және оны еліміз бойынша ҰЕҰ-ға арналған Азаматтық альянстың 18 ресурстық орталығында іске қосты. Бұл Қазақстандағы ҰЕҰ үшін қазақ және орыс тілдерінде әзірленген алғашқы нұсқаулық.

Айта кету керек, ҰЕҰ атқарған жұмыс көлемі республикалық азаматтық қоғамнан жоғары баға алды. Мәселен, X-Азаматтық форум шеңберінде академик З.Қабдолов атындағы қор білім, ғылым, ақпарат, дене шынықтыру және спорт саласындағы жетістіктері үшін ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрі Аида Балаеваның атынан дипломға ие болды. Академик З.Қабдолов атындағы қор интернет-аудиторияға қазақ тілін онлайн форматта үйренуге көмектеседі. Сонымен қатар, «Болашақ К» қоғамдық қоры «азаматтардың денсаулығын сақтау, салауатты өмір салтын насихаттау» номинациясы бойынша арнайы диплом иеленді. Қор реабилитологтарды даярлаумен, қайта даярлаумен және олардың біліктілігін арттырумен айналысады. «Біз де адамбыз» қоғамдық қорының жетекшісі Гүлназ Қосмұрзиева мемлекеттік марапат-«Шапағат» белгісімен марапатталды. Аталған ҰЕҰ ұйымдастырған тренингтердің арқасында Атыраудың үш тұрғыны Қазақстанның паралимпиада құрамасына кандидат болды.

Бір ғана 2021 жылдың өзінде ТШО-ның 14 әлеуметтік жобасының бенефициары 400 000-ға көбейді.

Байқауға қатысуға шақыру әлеуметтік және экологиялық мәселелермен айналысатын барлық мүдделі ҰЕҰ-ға жіберіледі. Шақыру жіберілетін тізім 4 дерекқор негізінде жасалады:

- Атырау облысының ішкі саясат басқармасы ТШО-ға белсенді және жұмыс істеп тұрған ҰЕҰ тізімін жібереді.
- Бұрын байқауға қатысқан ҰЕҰ тізімдері негізінде құрылған ТШО дерекқоры.
- Ынтымақты жұмысқа мүдделі кез келген ҰЕҰ tcoinfo@tengizchevroil.com электрондық поштасына өтініш хат жібере алады, оларға да байқауға қатысуға шақыру жіберіледі.
- 2021 жылдан бастап Орталық Азияның Еуразия Қорының «ҰЕҰ мектебі» жобасы шеңберінде оқудан өткен ҰЕҰ- дардың бәрі де байқауға қатысуға шақырылады.



2021 жылғы ӘИБ тізімі

Білім беру саласы

Жоба: «Жалын» - Қазақстан жастарының азаматтық және жеке құндылықтарын қалыптастыру және дамыту процестері

ҮЕҰ: «Жүректен жүрекке» қоғамдық қоры

Елді мекен: Құлсары қаласы, Боранқұл ауылы

Жоба: Кәсіптік бағдар беру – Өз болашағыңды таңдап, өзің басқар – балалардың өз бетінше өмір сүру дағдыларын қалыптастыру мақсатында әр баланың жеке қабілетін анықтау және дамыту

ҮЕҰ: «INTEGRITY» Жеке тұлғаны дамыту» қоғамдық қоры

Елді мекен: Атырау қаласы

Жоба: Брайль қарпі бойынша электронды-алфавиттік тренажер – зағип жандар мен нашар көретіндерге арналған мектеп-гимназиясының тапсырысы бойынша әзірленген электронды техникалық құралдың көмегімен ағылшын, қазақ және орыс тілдерін оқытуда білім беру үдерісіне көмек көрсету

ҮЕҰ: «Sezual» мүгедектердің қоғамдық қоры

Елді мекен: Атырау қаласы

Жоба: «Қ@З@ҚШ@ С@ЙР@!» - инновациялық технологиялар есебінен қазақ тілін оқыту және дәріптеу бойынша аудитория ауқымын ұлғайту

ҮЕҰ: Академик З. Қабдоловтың жеке қоры

Елді мекен: онлайн-жоба



Денсаулық сақтау саласын дамыту

Жоба: Жылыой ауданында, Маңғыстау облысы Боранқұл ауылында және халық арасында инфекциялық және инфекциялық емес аурулармен күресу үшін алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсету әлеуетін құру

ҮЕҰ: Қазақстанның отбасылық дәрігерлер қауымдастығы

Елді мекен: Жылыой ауданы және Маңғыстау облысы Боранқұл ауылы

Жоба: Атырау қаласында және Жылыой ауданында балалар мен жасөспірімдер арасында туберкулездің алдын алуға бағытталған шараларды жүзеге асыру

ҮЕҰ: Project HOPE

Елді мекен: Атырау қаласы

Жоба: Мүмкіндігі шектеулі адамдарды тиімді оңалту - Атырау облысындағы мүмкіндігі шектеулі жандардың өмір сүру сапасын жақсарту, оларды мүгедек арбасына бейімделуге көмектесу, психологиялық жай-күйін бақылауда ұстау және оңалту процесін жылдам әрі тиімді ету.

ҮЕҰ: «Біз де адамбыз» қоғамдық қоры

Елді мекен: Атырау қаласы

Жоба: Денсаулық және алдын алу шаралары, сонымен қатар пандемиямен және оның салдарымен байланысты проблемалық мәселелерді шешу

ҮЕҰ: «БолашақК» қоғамдық қоры

Елді мекен: Атырау облысы

Жоба: «Шағын ел» әлеуметтік ауылы

ҮЕҰ: «Атырау. Шағын ел» қоғамдық бірлестігі

Елді мекен: Атырау қаласы

Жоба: «ҚОЛТАҢБА» шеберханасы - Мүмкіндігі шектеулі адамдардың (МША) тұлғалық/тұлғааралық әлеуетін дамытуға бағытталған оқыту модульдерін қоса отырып, мүмкіндігі шектеулі адамдарға кәсіби бағдар беруге бағытталған «ҚОЛТАҢБА» шеберханасы» атты жобаны нығайту.

ҮЕҰ: «Мүгедек әлемі» мүгедектер қоғамдық бірлестігі

Елді мекен: Атырау қаласы



Азаматтық қоғамды дамыту

Жоба: Жылыой ауданындағы және Маңғыстау облысы Боранқұл ауылындағы қоғамдық кеңістіктер - қоғамдық кеңістікті жақсартуға және жергілікті мәселелерді шешуге жергілікті қауымдастықтарды тарту.

ҮЕҰ: «Орталық Азияның Еуразия Қоры» корпоративтік қоры

Елді мекен: Жылыой ауданы (Құлсары, Ақкиізтоғай, Жаңа Қаратон, Қосшағыл, Майкөмген, Тұрғызба, Шоқпартоғай) және Маңғыстау облысы Боранқұл ауылы.

Жоба: ҮЕҰ мектебі - ҮЕҰ-ның білім беру және кәсіби даярлау саласындағы мүмкіндіктерінің сапасын арттыру және қолжетімділігін жақсарту. Ұсынылып отырған бағдарлама ҮЕҰ-ға азаматтардың қажеттіліктерін қанағаттандыруда азаматтық қоғамның рөлін нығайтуға мүмкіндік беруге бағытталған.

ҮЕҰ: «Орталық Азияның Еуразия Қоры» корпоративтік қоры

Елді мекен: Атырау қаласы және Жылыой ауданы

Жоба: «Ынтымақ» қоғамдастықты дамыту бағдарламасы - білім беру, әлеуметтік, экологиялық және қайырымдылық жобаларын іске асыра отырып, тұрақты экономикалық даму үшін жергілікті қоғамдастықтың әлеуметтік капиталын арттыру. Атырау облысының балалар үйлерінде, жоғары және орта оқу орындарында білім алудың қолжетімділігі мен сапасын арттыру, сондай-ақ ТШО қызметкерлерін еріктілер қозғалысына тарту, ТШО беделін арттыруға үлес қосу және жергілікті қоғамдастықтың әлеуетін арттыру.

ҮЕҰ: «Ынтымақ Атырау»

Елді мекен: Атырау қаласы және Жылыой ауданы

Экономикалық даму

Жоба: «ЖАРҚЫРА» әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы - Атырау қаласындағы қоғамдастықтардың әлеуметтік, экономикалық және экологиялық мәселелерін тұрақты кәсіпкерлік шешімдермен қамтамасыз етуге бағытталған инновациялық әлеуметтік бастамаларды ілгерілету.

ҮЕҰ: «Орталық Азияның Еуразия Қоры» корпоративтік қорымен бірлескен

«Әлеуметтік бағдарламалар мен инновациялар қоры» қоғамдық қоры

Елді мекен: Атырау қаласы

Қоршаған ортаны қорғау және қауіпсіздік

Қоршаған ортаны қорғау

ТШО-ның негізгі қағидаттары бұл - экологиялық жауапкершілік, Қазақстан Республикасын (ҚР) төмен көміртекті даму стратегиясын жүзеге асыруда қолдау, өндірістің экологиялық қауіпсіздігін арттыру және экологиялық көрсеткіштерді үздіксіз жақсарту. «ТШО-ның сара жолында» атап көрсетілгендей, адам денсаулығы және қоршаған ортаны қорғау мәселелері ТШО үшін басым міндеттердің бірі.

2021 жылы ТШО қоршаған ортаны қорғауда жоғары көрсеткіштерге қол жеткізіп, атмосфералық ауаны қорғау, су ресурстарын тиімді пайдалану, жер қойнауы мен жерді қорғау, қалдықтарды басқару және экологиялық сауаттылықты арттыруға баса назар аударды.



Атмосфералық ауаны қорғау

ТШО ҚР заңнамасының талаптарын мүлтіксіз сақтайды және заманауи технологияларды пайдалану арқылы атмосфералық ауаны қорғауға бағытталған ауқымды іс-шараларды жүзеге асыруда. Бұндай шаралар мұнай өндіру көлемінің артқанына қарамастан шығарындылардың тұрақты төмендеуіне әкеледі.

Соңғы 20 жылда ТШО мұнай өндіру көлемін 2,6 есе арттырып, атмосфераға шығарындылардың қарқындылығын 65%-ға азайтты. ТШО осындай нәтижеге жабдықтардың өндірістік сенімділігін арттыруға бағытталған ірі жобаларға инвестициялар салу арқылы қол жеткізе алды.


Газды алауда жағуды азайту

Бүкіл әлемдегі мұнай және газ өңдеу зауыттарындағы өндірісті қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз етуге бағытталған шара – алау қондырғы жүйелерінде газды жағу болып табылады. ТШО алау қондырғы жүйелерін жабдықтарда техникалық қызмет көрсету, жөндеу, іске қосу жұмыстары кезінде, сондай-ақ технологиялық процестің іркілісі және жабдықтарды тоқтатқан кезде пайдаланады. Алау қондырғылары жабдықтарды қауіпсіз пайдалану және қызметкерлерді қорғау қажеттілігіне қарай пайдаланылады.

Технологиялық процестер мен жабдықтарды жаңғырту арқылы ТШО Кешенді Технологиялық Желілер (КТЖ) мен Екінші Буын (ЕБЗ) зауыттарының сенімділігін арттырды. Бұл шаралар аталған зауыттардың Қазақстандағы тиімділігі жоғары және қауіпсіз өндірістік нысандар болып қала беруіне себептесті. 2009 жылдан бері ТШО ілеспе газды алау қондырғыларында үздіксіз жағуды тоқтатты және өндірілген газдың 99%-ын экспорт арқылы сатады немесе кәсіпорынның өз қажеттіліктеріне пайдаланады.

2020-2021 жылдары ТШО газды алауда технологиялық тұрғыдан еріксіз жағуды азайту үшін келесі іс-шараларды орындады:

- Ұңғыманың қысымын төмендету арқылы Шикі Газ Айдау (ШГА) қондырғысындағы инфрақұрылым мен технологиялық процестерді жаңартуға арналған инженерлік шешім ТШО-ға өнімділікті жоғалтпай, қоршаған ортаны қорғау көрсеткіштерін жақсартуға мүмкіндік берді.
- Газ қондырғыларының дистилляциялық колонналары мен тоңазытқыш қондырғыларының пайдалану шарттарына енгізілген нақты түзетулер, ТШО-ға 2021 жылы КТЖ-да жағылатын этан көлемін 94%-ға азайтуға мүмкіндік берді.
- Пропан 2021 жылы тоңазытқыш агентін өндірістік қондырғыдан пропан сату құбырына ауыстыру - ТШО-ға ықтимал газдың алауда жағылуын 83%-ға қысқартуға мүмкіндік берді.



Газды алауда жағу көлемі, млн.нм³

Парниктік газдар шығарындыларын басқару

Бизнес-жоспарды орындау барысында көмірқышқыл газының шығарындыларын азайту жолдарын іздеу ТШО үшін басымдыққа ие міндет.

Кәсіпорын белсенді және прагматикалық көзқарасты ұстанады. Бұл ұстанымдар үш мүмкіндіктер тобында негізделген: операциялық жақсартулар, капиталды инвестициялар және жаңартылатын энергия көздері:

- Операциялық жақсартулар шығарындыларды азайтумен қатар пайдалану сенімділігін сақтау үшін жұмыс әдістерін өзгерту арқылы тиімділікті арттыруға бағытталады.
- Капиталды инвестициялар шығарындылардың азаюына бағытталады.
- Жаңартылатын энергия көздері Батыс Қазақстанның энергия жүйесіне жаңартылатын энергия көздерінің ену қарқынына сәйкес енгізіледі.

Суды тиімді пайдалану

ТШО суды тиімді пайдалана отырып, оның негізгі әлеуметтік, табиғи және экономикалық ресурс болып табылатындықтан, тұщы судың жоғары құндылығын түсінеді. Халық саны мен өнеркәсіптің кеңеюіне байланысты суға сұраныс артқандықтан, магистралды су құбырынан су алу көлемі шектелуде. ТШО-ның мақсаты – Келешек Кеңею – Ұңғы Ернеуіндегі Қысымды Басқару Жобасына (ККЖ-ҰЕҚБЖ) байланысты қызметкерлер санының өсуіне және өндірістік қуаттардың ұлғаюына қарамастан, магистралды су құбырынан су алу көлемін арттырмау.

2013-2016 жылдар аралығында сарқын суларды басқару мен тұщы су ресурстарын сақтауға бағытталған кәріз тазарту қондырғылары (КТҚ) және суды қайта пайдалану (СҚП) қондырғысы іске қосылды.

СҚП қондырғысы ТШО-ның су ресурстарын үнемді пайдалану жөніндегі кешенді бағдарламасының негізгі бөлігі болып табылады. СҚП қондырғысында кері осмос әдісімен КТҚ-да тазартылған сарқын суларды қайталама тазарту жүргізіледі. Тазартылған су ТШО-ның өндірістік қажеттіліктеріне пайдаланылады.

ТШО суды үнемдеу мәдениетін насихаттайтын су ресурстарын сақтау науқандарын тұрақты негізде өткізеді. Тұщы суды үнемдеу және сарқын суларды басқару бастамаларын қолдау мақсатында 2021 жылы ТШО нысандарында судың 46% қайта пайдаланылды.

Суды тиімді пайдалану



Қалдықтарды басқарудың тиімді тәсілдемесі

Теңізде қалдықтардың 60-қа жуық түрі пайда болады және де оның 35-тен астамы қайта өңделеді. Қалдықтарды қауіпсіз басқару – ТШО қызметінің стратегиялық бағыттарының бірі. Кәсіпорынның қалдықтарды басқарудың кешенді жүйесі 3R (Reduce, Reuse, Recycle) қағидатына негізделеді: қалдықтардың пайда болу көлемін барынша азайту, сондай-ақ оларды қайта пайдалану және қайта өңдеу. 3R бағдарламасы пайда болатын қалдықтардың мөлшеріне айтарлықтай әсер етеді және қалдықтарды қайта өңдеу мәдениетін дамытуға ықпал етеді, бұл өз кезегінде бірқатар артықшылықтар береді. Қалдықтарды басқарудың бұл тәжірибесі қалдықтарға «екінші өмір» беруге мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда ТШО контейнерлер үшін түстік таңбалау жүйесін енгізді: мысалы, коммуналдық қалдықтарға арналған қара контейнерлер; қағаз, картон, пластик және т. б. жинауға арналған жасыл контейнерлер. Қалдықтарды жинауға және уақытша сақтауға арналған арнайы контейнерлер барлық өндірістік алаңдарда, вахталық кентінде және ТШО-ның басқа да нысандарында қойылған.

Қалдықтарды басқару процесінде негізгі орынды Теңіз Эко Орталығы (ТЭО) алады. Бұл нысан ТШО және оның өндірістік нысандарында жұмыс атқаратын бизнес-серіктестердің қызметі нәтижесінде пайда болған қатты қалдықтарды уақытша сақтау, залалсыздандыру, қайта өңдеу және орналастыру үшін пайдалануға енгізілді.

Кәсіпорынның қалдықтарды қайта пайдалану және қайта өңдеуді дамытудағы талпынысын атап өткен жөн. Бүгінгі таңда қалдықтардың 50%-дан астамы қайта өңдеу мен кәдеге жаратуға жіберіледі. Заңнаманың жаңартылған талаптарына сәйкес болу мақсатында ТШО 2021 жылы құрылыс, бөлшектеу және тамақ қалдықтарын жинау, шығару және кәдеге жарату бойынша келісімшарттар жасады: тамақ қалдықтары термомеханикалық өңдеуден өтіп, тыңайтқыш өнім мен техникалық су алынады; құрылыс және бөлшектеу қалдықтары - құрамдас бөліктерге сұрыпталады және олардан қайта өңделетін қайталама материалдар бөліп шығарылады.

ТШО нарықтағы мекемелердің талдауын жалғастыруда және қалдықтарды қайта пайдалану және өңдеу шеңберінде басқа да бағыттарды анықтау үшін қалдықтармен жұмыс істеудің қолжетімді әдістерін зерделеуде. Қауіпті қалдықтар квалификациялық іріктеуден өткен және іс жүзінде қалдықтарды қайта өңдеу бойынша өз мүмкіндіктерін растаған кәсіпорынға ғана беріледі.





Жерді қалпына келтіру

Жерді қалпына келтіру қатты қалдықтарды жинау және шығару, шұңқырларды толтыру, беткейлерді, біркелкі емес жерлерді тегістеу және өсімдіктердің өсуіне жағдай жасау арқылы табиғи ландшафтты қалпына келтіруді қамтиды. 2021 жылы 22,5 га жер қалпына келтіріліп, мемлекеттік органдарға тапсырылды.

Қатты тұрмыстық қалдықтардың (ҚТҚ) ескі алаңын қалпына келтіру


2021 жылы аяқталған сәтті жобалардың бірі - қатты тұрмыстық қалдықтардың (ҚТҚ) ескі алаңын қалпына келтіру болды. ҚТҚ ескі алаңы ТШО құрылғанға дейін пайдаланылған және ҚР қалдықтарды орналастыру нысандарына қатысты нормативтік талаптарына сәйкес келмеді.

Ескі алаңды қалпына келтіру екі кезеңде жүргізілді:

- Ескі ҚТҚ алаңынан 290 000 тонна қалдықтар мен ластанған топырақты алу және сұрыптау. Қалдықтар ТЭО полигондарына шығарылды, ал материалдар мамандырылған мекемелерге қайта өңдеуге жіберілді.
- Жерді қалпына келтіру үшін алаңға 41 000 тонна таза топырақ себілді.

Бұл жоба 2020 жылдың наурыз айында басталды, бірақ COVID-19 пандемиясына байланысты жұмыс тоқтатылды. Шектеулерге қарамастан, жұмыстар қайта басталып, 2021 жылдың шілдесінде аяқталды.

Бұл жобаның сәтті іске асуы ТШО-ға қоршаған ортаны қорғау іс-шаралар бағдарламасы бойынша міндеттемелерін орындауға, сондай-ақ, Теңіз кен орнының экологиялық көрсеткіштерін жақсартуға мүмкіндік берді.







Биоалуантүрлілік

Батыс Қазақстан экожүйесінің алуан түрлілігі экологиялық, рекреациялық, мәдени және эстетикалық құндылықты қамтамасыз етеді және тұрақты дамуда маңызды рөл атқарады.

ККЖ-ҰЕҚБЖ нысандарын жоспарлау және салу кезінде аймақ фаунасының бірқатар түрлерінің тіршілік ету ортасы мен көбею жағдайларын сақтау үшін шаралар қабылданды. Жоба бойынша құрылыс жұмыстары басталар алдында жоба аумағындағы биоалуантүрлілікке ықтимал әсер етуді азайту және болдырмау мақсатында алдын ала зерттеулер жүргізілді.

Жануарлар мен құстардың мекендеу ортасына тигізілетін әсерді барынша азайту үшін ККЖ-ҰЕҚБЖ нысандарының құрылыс жұмыстары, бөлінген жер телімі шегінде ғана жүргізіледі, көліктер тек ұйымдастырылған жолдармен ғана жүре алады және құрылыс аяқталғаннан кейін жер телімдері қалпына келтіріледі.

ККЖ-ҰЕҚБЖ аясында ТШО тарғақтардың көбеюіне жағдай жасап, оны сақтауға бағытталған жобаға қолдау көрсетеді. Халықаралық құстарды қорғау одағы тарғақты құрып кету қаупі төнген құстардың тізіміне енгізген. Бұл құс даладағы ашық жайылымдарда көбейеді.

2021 жылы ТШО Қазақстанның Биоалуантүрлілікті Сақтау Қауымдастығына (ҚБСҚ) қаржылық қолдау көрсетті. Спутниктік бақылауды қамтамасыз ету және далалық зерттеулер жүргізу арқылы жер жырту салдарынан қауіп төніп тұрған тарғақ ұяларын қорғау бойынша фермерлермен бірлесе жұмыс істеуге бағытталған үш жылдық бағдарлама жүзеге асырыла бастады. Бұл жоба жергілікті қазақ қоғамдастықтары арасында тарғақ пен оның қорғау мәртебесі туралы хабардарлық деңгейін арттыруға ықпал етеді.

Сонымен қатар ТШО құстардың көбеюі кезінде ұяларды қорғау бағдарламасын жүзеге асырады. Құрылыс алаңдарының бірінде ұя табылған жағдайда, салдарды азайту үшін жұмыртқалардан балапандардың шығуы мен олардың қанаттану сәтіне дейін түрлі шаралар қолданылады. Бұған жұмысты уақытша тоқтату да кіреді.

ККЖ-ҰЕҚБЖ қызметкерлерінің жергілікті флора мен фауна туралы хабардарлық деңгейін арттыру үшін, флора мен фаунаның негізгі түрлерін көрсететін арнайы анықтамалық жасалды. Сондай-ақ, ККЖ-ҰЕҚБЖ нысандарында 100-ден астам үлкен баннерлер орнатылды.

Ұя салуды басқару жоспарларын жүзеге асырудың және дер кезінде әрекет етудің арқасында анықталған ұялардың 60%-ы белсенді болды және ұя салу балапандардың шығуымен аяқталды.

Бекіре өсіру зауытын қолдау

Бекіре балықтар санының көбейту мақсатында ТШО Жайық-Атырау Бекіре Өсіру зауытына қолдау көрсету арқылы теңіз биоалуантүрлілігін сақтау жөніндегі бағдарламаны іске асырады. Жобаның мақсаты – жабайы ортадан ауаланатын ересек дарақтардың санын жыл сайын азайту және теңізге қайта жіберілетін аналықтардың санын арттыру. Осы мақсаттарда келесі шаралар өткізілді: аналықтар мен шабақтарды сапалы жеммен қамтамасыз ету, шаруашылық тоғандарында сыртқы түпті тереңдету жұмыстары үшін экскаваторды және өсіру тоғандарды оттегімен қанықтыру үшін аэраторларды сыйға тарту. Сонымен қатар ТШО тұйық су жүйесімен қамтамасыз етілген бассейндерге арналған қысқы және жазғы су салқындатқыштарын сатып алды. Орындалған шаралардың нәтижесінде Жайық-Атырау Бекіре Өсіру зауытында бекіре тұқымдас аналықтардың салмағы артты.



Тасталған торларды жинау жобасы

Жоба құрып кету қаупі төнген Каспий итбалығы және бекіре тұқымдас балықтардың популяциясын қорғауға және олардың өсуіне жәрдемдесуге бағытталған. 2021 жылы шамамен 4 300 кг тасталған торлар мен 1000 кг теңіз қоқыстары жиналды.

2014 жылдан бастап Каспий теңізінен 878 тасталған балық аулау торлары (20 500 кг) және 9 000 кг-нан астам теңіз қоқысы алынды. Тасталған торлардан 53 бекіре мен 15 итбалық босатылды.



Экологиялық мониторинг

ТШО өз қызметінің аумағында үздіксіз экологиялық мониторингтің кешенді жүйесін жүзеге асырады.


Экологиялық мониторинг қоршаған ортаға әсерді уақтылы анықтау және оны азайтуға бағытталған шараларды әзірлеу мақсатында атмосфералық ауа, су және топырақ сынамаларын алуды және оларды шекті рұқсат етілген және фондық шоғырланулардың белгіленген мәндердің сәйкестігіне талдауды жүргізуді қамтиды.

Экологиялық деректердің сапасын қамтамасыз ету үшін 2016 жылы ТШО-да әлемдік стандарттарға сай келетін жаңа технологиялар мен жабдықтар қолданылатын экологиялық зертхана сертификациядан өтіп, пайдалануға берілді.

Атмосфералық ауа мониторингі

Атмосфералық ауа сапасы қоршаған ортаны қорғауда маңызды рөл атқарады, ал ауа мониторингі Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасының негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Атмосфералық ауа мониторингінің нәтижелері ағымдағы әсерді дұрыс бағалауға және қажет болған жағдайда атмосфералық ауаға түсетін жүктемені жеңілдету жөнінде алдын алу шараларын әзірлеуге мүмкіндік береді.

ТШО өзінің қызмет ету аумағында және санитарлық қорғау аймағында (СҚА), сондай-ақ қызметкерлер тұратын жерлерде және Жаңа Қаратон кентінде атмосфералық ауа мониторингінің бірнеше түрін жүзеге асырады.



Алау қондырғысы астындағы мониторинг

ТШО-ның өндірістік нысандарының шығарындылар көздерінің ықтимал әсерін бағалау үшін алау астында бақылау жүргізіледі. Мониторинг бағдарламасымен мынадай бақылау бекеттері белгіленді:

- жел жақ беткей жағынан батыстан басқа барлық бағыттарда 16 км қашықтықтағы 1 бекет (батыста – жолдың қолжетімділігіне байланысты 8-10 км);
- ық жақ беткей жағынан 0,5, 1, 2, 3, 4, 6, 8, 10, 15 км қашықтықта 9 бекет.

СҚА шекарасындағы атмосфералық ауа мониторингі

Атмосфералық ауаның ластану деңгейін бағалау және белгіленген нормативтерді сақтау мақсатында ТШО-ның СҚА шекарасында бекітілген координаттары бар 11 маршруттық бекет орнатылды. Тұрақты негізде мынадай ингредиенттер бақыланады: азот қостотығы (NO_2), күкірт қостотығы (SO_2), көміртегі тотығы (CO), күкірттісутек (H_2S), көмірсутектер (CH_4), қарапайым күкірт (S). 2020-2021 жылдардағы СҚА шекарасындағы атмосфералық ауаның сапасын бақылау нәтижелерін талдау рұқсат етілген шекті шоғырланулар көрсеткіштерінен аспайтынын көрсетті.

Қызметкерлер тұратын жерлерде және Жаңа Қаратон кентінде атмосфералық ауа сапасын бақылау.

ТШО-ның вахталық кентінде күн сайын күніне 4 рет және Жаңа Каратон кентінде апта сайын ауа сынамалары алынады. ТШО-ның өндірістік нысандарының едәуір алшақтықта орналасқандықтан, олар елді мекендердің атмосфералық ауа сапасына әсер етпейді.

Шығарындылар көздеріндегі мониторинг

Шығарындылар көздеріндегі мониторинг шығарындылардың белгіленген лимиттерінің сақталуын бақылау мақсатында арнайы жабдықталған сынама алу нүктелерінде жүргізіледі. Сертификатталған газталдағыштармен өлшеу жүргізген кезде көміртегі тотығының (CO), күкірт қостотығының (SO₂), азот қостотығының (NO_x) нақты шоғырлануларынан басқа, шығарындылар көлемін анықтау үшін, газ-ауа қоспасының ағымдағы параметрлері (температура, жылдамдық, көлем) тіркеледі.

Қоршаған ортаны бақылау станциялары

Қызмет аумағында және СҚА шекарасында қоршаған ортаны бақылайтын 12 автоматтандырылған стационарлық қоршаған ортаны бақылау станциясы (ҚОБС) бар. ҚОБС ауадағы күкіртсутектің (H₂S), көміртегі тотығының (CO), азот тотықтарының (NO, NO₂), метанның (CH₄), күкірт қостотығының (SO₂) құрамын анықтауға арналған заманауи газ талдау жүйелерімен жабдықталған. Әрбір ҚОБС толық автоматты режимде тәулігіне 24 сағат жұмыс істейді.



ҚОБС деректерін онлайн режимде жіберу

Атырау облысының экологиялық мәселелерін кешенді шешу жөніндегі Жол картасын іске асыру шеңберінде ТШО 2021 жылдан бастап, төрт ҚОБС-тан атмосфералық ауаның сапасы бойынша деректерді онлайн режимінде беруді қамтамасыз етті.

Күкіртсутектің (H₂S), күкірт қостотығының (SO₂), көміртегі тотығының (CO), азот тотықтарының (NO, NO₂), метанның (CH₄) шоғырлануы және метеорологиялық көрсеткіштері орташаланып, 30 минут сайын «Қазгидромет» РМК-ға онлайн режимде беріледі. Теңіз мұнай кен орнындағы ауа сапасы туралы деректер «AirKz» мобильді қолданбасы және атмосфералық ауа сапасының интерактивті картасы арқылы халыққа қолжетімді.

Жер асты суларының мониторингі

Сынамалар Теңіз және Королев кен орындарындағы өнеркәсіптік нысандардың қасында орналасқан 125 бақылау ұңғымасынан, сондай-ақ өндірістік нысандардан қашықтықта орнатылған 11 фондық ұңғымадан алынады. 2021 жылы ТШО сынама алу сенімділігін арттыруға бағытталған қолданыстағы жер асты суларының мониторинг желісін жаңғырту жобасын аяқтады.

Топырақ мониторингі

Өндірістік нысандар аумағындағы топырақ жағдайын бақылауды қамтамасыз ету үшін ТШО-да 55-тен астам сынама алу нүктелері бар. Сынамалар алуға арналған алаңдар ТШО өндірістік нысандар аумағының шегінде орналасқан. Топырақ сынамаларын талдау ҚР заңнамасына сәйкес аккредиттелген зертханаларда бекітілген әдістер бойынша жүргізіледі.

Сарқын сулар мониторингі

ТШО белгіленген төгінділер лимиттеріне сәйкестікті қамтамасыз ету үшін жүйелі түрде сарқын сулардың мониторингін жүргізеді. Сарқын сулар тазарту құрылыстарында, буландырғыш тоғандарға және айдау ұңғымаларына айдау алдында бақыланады. Сынамалар алу мерзімділігі бекітілген бағдарламаға және аналитикалық бақылау кестелеріне сәйкес келеді.

Осылайша, табиғи ортаның барлық құрамдас бөліктері – атмосфералық ауа, су, топырақ және т.б. – үздіксіз бақылануда. ТШО-ның қоршаған ортаның мониторингі бағдарламасы қолданыстағы экологиялық нормаларға сәйкес келеді. Мониторинг нәтижесінде алынған барлық деректер ТШО-ның Өнеркәсіптік экологиялық бақылау бағдарламасын орындау туралы жүйелі есептеріне енгізіледі.



Адамдарды қорғау

ТШО өз жұмысында екі негізгі қағиданы басшылыққа алады: жұмысты қауіпсіз орындаңыз немесе мүлдем орындамаңыз және оны дұрыс орындауға әрдайым уақыт бар. ТШО мен серіктес компаниялардың әр қызметкері жұмысты қауіпсіз бастауды қамтамасыз етуге жауап береді, сонымен қатар қауіпті мінез-құлық немесе соған негіз болған жағдайда кез-келген жұмысты уақытша тоқтатуға немесе толығымен тоқтатуға құқылы. ТШО жұмысының қауіпсіз әдістерін басқару жөніндегі топ басқа командалармен бірге еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы саласындағы басшылық қағидаттары мен рәсімдерді (ЕҚ) тұрақты енгізуді және қолдауды қамтамасыз етеді.

Еңбек гигиенасы

ТШО Қазақстан Республикасының нормативтік талаптарына сәйкес, қызметкерлердің қауіпсіздігі мен денсаулығын қамтамасыз ету шарттарының әртүрлі салалық стандарттарға сәйкестігін анықтау үшін нысандарға бағалау жүргізеді. 2021 жылы ТШО нысандары еңбек жағдайлары бойынша сертификатталды. Сертификаттау келесі элементтерді қамтыды:

- Нақты еңбек жағдайларын және жұмыс орындарындағы қауіпсіздік техникасын бағалау.
- Жекелеген қызметкерлердің зиянды және қауіпті еңбек жағдайларында жұмыс істейтіндігін растау.
- Қызметкерлерді жеке және ұжымдық қорғаудың қажетті құралдарымен қамтамасыз ету, олардың нақты еңбек жағдайлары мен қойылатын стандарттардың талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету.
- Жұмыс орындарын қолданыстағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес келтіру мақсатында еңбек жағдайларын жақсарту және еңбекті қорғау жөніндегі ұйымдастырушылық және техникалық шараларды жүзеге асыру.
- Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары бар жұмыстармен айналысатын қызметкерлерге берілетін өтемақылар мен жеңілдіктердің мөлшерін негіздеу.

Барлық өндірістік нысандар әр 5 жыл сайын жоспарлы аттестациядан өтеді. Әрбір аттестацияның нәтижелері бойынша еңбек жағдайларын жақсарту туралы түзету шараларының жоспары жасалады.


Азық-түлік қауіпсіздігі

ТШО Қазақстан Республикасының азық-түлік қауіпсіздігі стандарттарына, сондай-ақ Шеврон стандарттары бойынша неғұрлым қатаң қолданылатын кәсіпорындарды қоспағанда, бүкіл әлемде тамақ өнімдері гигиенасының базалық стандарты ретінде пайдаланылатын Біріккен Ұлттар Ұйымының Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымы комиссиясының (CAC/GL18-1995) Алиментариус Кодексінің соңғы редакциясына сәйкес келуге ұмтылады. 2021 жылы Теңізде азық-түлік өнімдерінің қауіпсіздігі бойынша ТШО мен бизнес серіктестерді қатыстыра отырып, ККЖ-ның жұртшылықпен байланыс бөлімі гигиенистер тобымен бірге бірнеше онлайн-кеңестер өткізді. Пандемия кезінде және 7 маусымдағы Дүниежүзілік азық-түлік қауіпсіздігі күніне орай, тиісті мәселелер бойынша төмендегідей қауіпсіздік бюллетеньдері дайындалып, жарияланды: «Жазда сүт өнімдерін пайдалану бойынша қауіпсіздік кеңестері», «Өзімен әкетілген тамақ өнімдерін пайдалану бойынша қауіпсіздік кеңестері».

Ауыз су сапасын бақылау

ТШО мен бизнес-серіктестер қызметкерлерінің денсаулығын сақтауда Теңіз бен Атыраудағы сумен жабдықтау нысандарындағы ауыз су сапасын бақылау бағдарламалары ауыз судың сапасы мен қауіпсіздігін бақылауда шешуші маңызға ие. Мониторинг шеңберінде ауыз су сынамалары күн сайын 56 параметр бойынша тестілеу үшін орталық зауыт зертханасына (CPL) және Ұлттық сараптама орталығы (ҰСО) Атырау филиалының зертханасына сынама алуға жөнелтіледі. Барлық сынақтардың нәтижелері бойынша тарату желісіндегі ауыз су тиісті санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкес келеді.

ТШО коронавирустық инфекцияның таралуын, адамдардың топталып жиналуын болдырмау және 2021 жылы күрделі жөндеу өткізу кезінде физикалық ара қашықтық талаптарын сақтау үшін, ауыз сумен қамтамасыз ету жоспарына өзгерістер енгізді. Жеке және өндірістік гигиенаны қамтамасыз ету үшін сумен, азық-түлікпен, тұрмыстық және ауыз сумен қамтамасыз ету жағдайларымен байланысты ішек инфекцияларының алдын алу мақсатында жан-жақты қолдау көрсетілді. Аталған жұмыстың нәтижесін 2021 жылы Теңіз аумағында тіркелген сырқаттанушылықтың нөлдік деңгейі дәлелдейді.



Өндірістік процестің қауіпсіздігі

Зиянды және/немесе қауіпті химиялық және физикалық өндірістік факторлардың мониторингі. ТШО нысандарындағы жұмыс орнындағы ауаны және физикалық факторларды өндірістік бақылау бағдарламасы.

Аталған бағдарлама өндірістің адам денсаулығына ықтимал әсерін бағалау, өндірістік тәуекелдердің әсерін болдырмау немесе жұмсарту жөнінде тиімді шаралар қабылдау және Қазақстан Республикасының Санитариялық-гигиеналық стандарттарына және америкалық өнеркәсіптік гигиена қауымдастығы (ACGIH) берген зиянды әсерлерді бақылау қағидаларына сәйкес технологиялық процестер барысында санитариялық-гигиеналық талаптардың сақталуын қамтамасыз ету үшін әзірленген. Өндірістік бақылаудың жаңартылған бағдарламасы "өндірістік бақылау жүргізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларының талаптарына сәйкес әзірленді (ҚР Ұлттық экономика министрінің 2016 жылғы 6 маусымдағы №239 Бұйрығы).

Бақылау жүргізу кезінде ТШО түзетулер енгізіп, химиялық реагенттер концентрациясының және физикалық факторлар әсерінің шекті рұқсат етілген шектеріне байланысты анықталған сәйкессіздіктерді жою бойынша шаралар қабылдады. 2021 жылы ТШО нысандарында іріктелген жұмыс орындарындағы ауа сынамаларының жалпы саны 21 511-ге жетті, дербес әдіспен кәсіби шуды өлшеудің жалпы саны 71 болды.

Цифрландырудың табысты тарихы

ТШО 2021 жылы технологиялық процестерсіз басқаруды игеру үшін IIoT- су есептегіштерінің көрсеткіштерін есептейтін Өнеркәсіп Заттар интернетінің (IIoT) алғашқы өнеркәсіптік шешімін енгізді. Әрбір есептегішке орнатылған IIoT датчиктерінің арқасында бұл шешім ТШО-ға Теңіздегі вахталық қалашықтағы 23 су есептегішінен адамның қатысуын қажет етпестен деректерді қашықтан жинауға және қарауға септігін тигізеді. Кешенді шешім пайдаланушыларға деректерді талдауға және болашақта суды тұтынуды болжауға, сондай-ақ Теңіздегі портативті судың сенімділігін арттыруға және қауіпсіздік тәуекелдерін жоюға мүмкіндік береді.

Шаршау қаупін басқару

ТШО 2020 жылы COVID -19-ға байланысты карантиндік кезінде ұзақ мерзімді ауысымды ескере отырып, жоғары қауіпті жұмыс тағайындалған қызметкерлердің шамадан тыс жұмыс істеуіне байланысты тәуекелдерді басқарудың қосымша бағдарламасын жасады. Бағдарлама қызметкерлерге шаршау қаупі бар физикалық жағдайды бағалауға және бұл туралы желілік менеджерлерге хабарлауға мүмкіндік береді. Аталған бастама шаршау қаупімен байланысты қызметкерлерде болатын кез-келген оқиғаның алдын алу үшін жүзеге асырылды.

Қызметкерлердің психикалық денсаулығы

Қызметкерлердің психикалық денсаулығы, әл-ауқаты мен қауіпсіздігі ТШО үшін басты басымдық болып қала береді. Елдегі қазіргі жағдайға байланысты көптеген қызметкерлеріміз денсаулыққа психикалық тұрғыдан әсер ететін түрлі қиындықтарға тап болды. Егер қызметкерге психологиялық қолдау қажет болса, ол қызметкерлерге көмек бағдарламасын қолдана алады. Қызметкерлерге көмек бағдарламасының қызметтері ТШО-ның агенттіктердің, бизнес- серіктестердің қызметкерлеріне және олардың отбасы мүшелеріне қолжетімді. Қызметкерлер немесе олардың отбасы мүшелері маманға қоңырау шалып, қажетті ақпаратты сұрай алады немесе кеңес алуға жазыла алады.



Оқыту ұйымы

ТШО 2021 жылға аяқ басысымен ұйым философиясы - өндірісті оңтайландыру(ӨО) тиімділігін арттыру және қолдау үшін мінез-құлықты, ұйымдастырушылық тәжірибені және жүйелерді өзгертуге көшті. Біз оқыту мен жетілдірудің өте маңызды екенін және бұл біздің күш-жігеріміздің қажеттігін мойындадық.

ТШО-ның мақсаты сақтық шараларын күшейту және ӨО қауіптерін азайту үшін іздену, бөлісу және қолдану үшін ұйымдастырушылық тәжірибені жүйелі түрде біріктіру мен қолдау болып табылады. Ұйымдастырушылық оқытудың сәттілігі көп ретте оқытудың негізгі элементтеріне және сенімді кері байланыс жүйелеріне байланысты. ТШО осындай күш-жігердің арқасында қызметкерлерге дауыс беру құқығын беретін және оқиғалар мен қателіктер туындаған кезде жазалаудың алдын алатын мәдениетті қалыптастырады.



ТШО-ның жұмыс орындарындағы қорғаныс құралдарын тексеру және растау

Қорғаныс құралдарын тексеру және растау бағдарламасы тәуекел деңгейі жоғары міндеттерді орындауға арналған жерде қорғанудың сындарлы құралдарының болуын және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз етудің жүйелі тәсілін білдіреді. Бағдарлама қорғаныс құралдарындағы осалдықтарды анықтауға және оларды одан әрі жетілдіру бойынша шаралар қабылдауға бағытталған.

Жұмысқа электронды рұқсат - жұмысты бақылауды қамтамасыз ету үшін қағаз рұқсаттарын алмастыратын сандық рұқсат беру жүйесі. электронды рұқсат тәуекелдерді басқарады, қауіпсіздікті, пайдалану тиімділігі мен нәтижені арттырады.

Мердігер ұйымдардағы қауіпсіздік техникасын, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау мәселелерін басқару (CHESM)

Мердігер ұйымдардағы қауіпсіздік техникасын, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау мәселелерін басқару (CHESM) процесінің мақсаты нақты жауапкершілікті белгілеу, мердігерлердің белсенді қатысуын қамтамасыз ету және олардың қатысуымен денсаулық, қоршаған орта және қауіпсіздік (ҚОҚ) оқиғалары мен жарақаттарды жою үшін дәйекті CHESM бағдарламасын қамтамасыз ету болып табылады.

Теңіздегі еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасын, және қоршаған ортаны сақтау мәселелеріне басшылық ететін комитет мәжілісінің отырысында жаңа үдерістерді немесе бағдарламаларды енгізу кезінде ТШО басшылығы мен бизнес-серіктестер арасында екі жақты байланыс орнату үшін, түпкілікті пайдаланушылар ретінде серіктестерімізден пікірлер мен үздік тәжірибелерді жинау ұйымдастырылды.



Төтенше жағдайларға ден қою бойынша оқу-жаттығулар

ТШО Қазақстан Республикасының «Азаматтық қорғаныс туралы» Заңына сәйкес, Төтенше жағдайлар бойынша оқу сабақтары мен төтенше жағдайларға ден қою жөніндегі оқу-жаттығуларды /Төтенше жағдайлар жөніндегі оқу-жаттығуларды (бұдан әрі тиісінше ТЖО/ТОЖ) қызметкердің кез келген төтенше жағдайда өз қызметімен міндеттерін орындауға дайындығын қамтамасыз ету үшін өткізеді. 2021 жылы ТШО-ның оперативті басқаруындағы Теңіздегі барлық нысандарда төмендегідей оқу-жаттығулар сәтті аяқталды:

- Әр нысандағы оқиға орнындағы апатты тойтару (АТТ) және ТШО-ның өрт-авариялық топтарының қатысымен төтенше жағдайлар бойынша 185 рет оқу-жаттығу (бекітілген кестеге қосымша 4 оқу-жаттығу) өткізілді.
- Төтенше жағдайларды басқару орталығында 2-ші деңгейдегі төтенше жағдайларды басқару топтары (2-деңгейдегі ЕМТ), сондай-ақ АТТ және ӨАТ ТШО қатысқан 10 төтенше жағдайға жауап беру-құтқару жаттығулары (ТОЖ) өтті.

ТШО өндірістік нысандарды пайдалануға тартылған қызметкер үшін қауіпсіз қашықтықты қамтамасыз ету мақсатында қызметкерлерді іріктеу тәсілін қолданды. Сонымен қатар, ТШО өкілдері Каспий құбыр консорциумымен бірлесіп жыл сайынғы кешенді ТОЖ өткізді. Бөгде компаниялармен бірлескен оқу-жаттығулар нақты төтенше жағдай кезінде қажетті дағдыларды пысықтау үшін апатты тойтару топтары үшін, сондай-ақ ұжымдық жұмысты, өзара іс-қимылды пысықтау және нақты өмірлік жағдайларда күрделі шешімдер қабылдау үшін тиімді құрал болып табылады. Оқу-жаттығу әзірленген жоспарларды, жабдықтар мен жүйелерді сынақтан өткізу, тәжірибені талдау және одан әрі жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу үшін уақыт пен орынды ұсынады, өйткені компанияның негізгі мақсаттарының бірі мұнай төгілу қаупін азайту және қоршаған ортаны қорғау болып табылады.

ICS 300 апаттарын басқаруды оқыту жүйесі

Білімді жетілдіру, әрекет ету хаттамаларын әзірлеу немесе топтық жұмысты оқыту табысқа жетелейді, жұмыстың тиімділігін арттырады және шығындарды азайтады. ICS -300 жаттығуы-бұл ТШО-ны ӨТБЖ (өндірістік тиімділікті басқару жүйесі) шеңберінде стандартталған ICS -ға ауыстырудағы қадам: төтенше жағдайларды басқаруда бірыңғай ICS жүйесі қолданылады деп күтілуде.

Шеврон жаттықтырушылары 2021 жылдың қазанынан қарашасына дейін ЕМТ-3 мүшелері үшін ICS -300-де оқу сабақтарын өткізді. 3-деңгейдегі ЕМТ мүшелері-бұл қондырғы басшысы мен учаске басшысы немесе штабта рөлі бар тұлға, олар 3-деңгейдегі ЕМТ жедел бөлімінде тиісті қызметтерді орындай алады. Оқытылған қызметкерлердің жалпы саны -106.

H2S жеке детекторын іске қосу туралы мәліметтер жинау

Жеке H2S детекторын іске қосу туралы деректерді жинау процесі оны жеңілдету үшін қайта қаралды. ТШО компьютерлік желісіне қол жеткізе алмайтын қызметкерлер интернетке қол жетімді кез-келген компьютерден немесе QR кодты сканерлеу функциясы бар смартфон камерасымен деректерді жүктей алады.







Қазақстандық қамтуды дамыту

ТШО 2021 жылы қазақстандық тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге 3,6 миллиард доллардан астам қаражат жұмсады.

Қалай ТШО қамтушысы болуға болады?

Екі сценарий бар:



ТШО әлеуетті бизнес серіктестерді анықтау үшін қамтушылардың қызығушылығын білдіретін (SEOI) порталын қолдана отырып, әділ және ашық келісім-шарт процесін қолданады. ТШО барлық мүдделі тараптарды ағымдағы және болашақ мүмкіндіктерді алу үшін SEOI порталында тіркелуге шақырады. Бұдан басқа, ашықтықты қамтамасыз ету үшін өзінің сыртқы веб-сайтында үшін жыл сайынғы келісімшарттар мен сатып алулардың жоспарын жариялайды.

Кәсіпорын бизнестің түрлі секторынан әлеуетті серіктестер іздеу мақсатында және де компанияның болашақтағы стратегиялық қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жергілікті кәсіпкерлерді шақыра отырып, тиісті тауарлар мен қызметкерлер бойынша форумдар мен тренингтер өткізеді. Кездесулер шеңберінде ТШО техникалық ерекшеліктермен және талаптармен бөліседі. Кәсіпорынның түрлі бөлімдері өкілдерінің және техникалық мамандардың қатысымен дөңгелек үстелдер ұйымдастырады.

ТШО сенімді қауіпсіздік мәдениеті, оңды жұмыс тәжірибесі, шығындарды тиімді басқару дағдысы, сондай-ақ сапалы өнімдері мен бәсекеге қабілетті бағалар мен инновациялық бизнес шешімдері бар клиентке бағдарланған қамтушылармен берік іскерлік қатынасты қолдауға және дамытуға ұмтылады. Теңіз - күрделі кен орны, сондықтан тиімді басқаруды қамтамасыз ету өзімізге де, іскер серіктестерімізге де жоғары талап қоямыз. Біздің жұмысымыз күллі Қазақстан бойынша ондаған мың адамдардың өміріне, сондай-ақ қауіпсіз әрі қолжетімді энергия көздеріне сүйенетін әлемдегі барша клиенттеріміздің өміріне әсер етеді.

Жергілікті жерден сатып алу және қамтушыларды дамыту

ТШО-ның жергілікті қамтуды қолдау бағдарламалары қазақстандық бизнесті тұрақты, әрі байыпты түрде дамытуға бағытталған. Отандық қамтушыларға инвестиция жергілікті экономиканың дамуына ғана ықпал етіп қоймайды, кәсіпорнымыздың өндірістік қажеттіліктерін қанағаттандыруға да көмектеседі. ТШО егер компания өзінің қазақстандық қамту (ҚҚ) мақсаттарына қол жеткізгісі келсе, ол тауарлар мен қызметтерді жабдықтаушылар үшін ұзақ мерзімді мүмкіндіктер туғызуы тиіс деп есептейді.

Соңғы жылдары қазақстандық қаму тұрақты түрде өсіп келеді. 2021 жылы тауарлар мен қызмет түрлеріне 5,2 миллиард доллар жұмсалды, оның 3,6 миллиард доллары (немесе 68%) қамтушылар үлесінде. Бұл 2010 жылдан бергі ең жоғарғы көрсеткіш. Айтарлықтай өсім мына санаттарда байқалуда: тауарларда +2%, жұмыстарда +17% және қызметтерде +28%.

Таяудағы зерттеуге сәйкес*, ТШО-ның әрбір жұмыс орны Қазақстан бойынша өнеркәсіптің басқа салаларында тағы 39 жұмыс орнын ашады және кәсіпорынның жергілікті шығыстарының әрбір доллары экономикалық айналымның тағы бір долларын іске қосады. Бұл тікелей және жанама экономикалық ықпал ТШО-ны Қазақстан экономикасының қозғаушы күштерінің біріне айналдырады.

* IHS Markit. Теңізшевройдың Қазақстан Республикасына қосқан экономикалық үлесі, 2010-2019 жылдар



Қазақстан аймақтарына ықпал

ТШО қызметі негізінен Батыс Қазақстанда шоғырланса да, компанияның орташа жылдық шығысы мен экономикалық тиімділігі Қазақстан аймағының 50%-да байқалуда. Бұған Ақтаудан алынған мұнай өнеркәсібіне арналған шегендеу құбырлары (ОСТГ), Шымкенттен келген майлау материалдары және Петропавлдан қауіпсіздікті қамтамасыз етуге арналған жабдықты сатып алу, жылыту, желдету және ауаны баптау бойынша қызметтер (ЖЖАБЖ) және Тараздан құбыржолдар салу бойынша қызметтер, Батыс Қазақстан облысынан жабдықтарды жалға алу, Ақтөбе облысынан құрылыс материалдары мен жолаушылар теміржол тасымалдары, сондай-ақ Нұрсұлтан қаласынан құбыржолдар көлігі мен теміржол жүк тасымалы қызметтері кіреді.

ТШО Қазақстан аумағынан әлеуетті қамтушыларды анықтау мақсатындағы бизнес қоғамдастықпен жұмысты Petrocouncil, KazService және Қазақстан машина жасаушылар одағы сияқты түрлі қауымдастықтармен және барлық облыс әкімдіктері арқылы жалғастыруда.

Қамтушыларды дамыту

ТШО-да қамтушылар әлеуетін арттыру үшін бағдарлама арқылы жүзеге асады, олар ТШО-ның жеке басқаруындағы Еуропалық Қайта Құру және даму банкімен (ЕҚДБ) бірлесе құрылған ішкі іріктеу және қамтушылар бағдарламасы және жақында жарияланған машина жасауды дамыту халықаралық орталығымен (IMBC) жасалған бағдарлама.



ТШО-ның ішкі бағдарламасы алдағы сатып алуларды талдауды және ТШО-ның техникалық сарапшыларымен бірге әлеуетті қамтушыларды іздестіруді қарастырады. Талдау нәтижесінде «мақсатты тауарлар мен қызмет» тізімі шығады. Сол арқылы қамтушылардың біліктілігін тексереміз, сондай-ақ сынама тапсырыс жасаймыз. Төменде электр қызметін, химия өндірісін, техникалық қамту, жөндеу мен пайдалануды (ТҚКЖП) қамтитын жоғары әлеуетті жабдықтар тізімі көрсетілген.

2021 жылы ТШО-ның бірнеше бөлімі бірден апаттық құтқару, электр, телекоммуникация жабдық-тары мен бұрғылау материалдарын, техникалық қамту бойынша қызметті қамтитын, сондай-ақ техникалық қамту, жөндеу және пайдалану материалдары (ТҚКЖП) сияқты санаттар бойынша 18-ден астам өнім мен қызмет ұсынатын қамтушылар мүмкіндігін дамытты.

ТШО ЕҚДБ-мен бірлесіп жүзеге асқан әлеуетті қамтушыларды қолдау жөніндегі сыртқы бағдарламаны мақтан тұтады. ЕҚДБ бағдарламалар шеңберінде жобаларды бағалайды, тікелей кеңес береді, тиісті оқыту ұйымдастырады. Нәтижесінде бағдарламаға қатысушылардың жұмыс сапасы артты, табысы ұлғайды, компаниядағы қызметі жақсарды. Бағдарлама қаржыландыруға қол жетімділік, шығындарды азайту, сапаны басқару және қауіпсіздік сияқты салаларды қамтыды. Бағдарлама өте сәтті өтті және төмендегідей нәтиже көрсетті:

- Бағалаудан өткен компаниялардың 77%-ы кәсіпорын деңгейіндегі орташа өсім 35% болған кезде орта есеппен айналымның 4 млн еуроға
- 50%-ы қызметтегі әйелдер санының 43%-ға артқанын және де
- Клиенттердің 73%-ы өнімділіктің орташа есеппен 48%-ға өскенін хабарлады

Сонымен, біз жаңадан құрылған IMBC-тің өз жұмысын бастауын асыға күтудеміз, қазіргі уақытта жұмыс жоспары, штат кестесі және бюджет бойынша жұмыс аяқталуда.

ККЖ-ҰЕҚБЖ жобасындағы қазақстандық қамту


ККЖ-ҰЕҚБЖ жобасы 89% бітуге жақындаған шақта, ТШО жергілікті қамту көрсеткіштерін барынша арттыруға бағытталған барлық жобаларға қазақстандық инжинирингтік компанияларды, жобалау институттарын, жеткізушілерді, өндірушілерді, құрылыс саласындағы мердігерлерді және еңбек ресурстарын тарту мүмкіндіктерін қарастырып, жергілікті тауарлар, жұмыстар мен қызметтер көлемін арттыруға белсенді түрде ат салысып келеді. 2021 жылдың өзінде ТШО тек ККЖ-ҰЕҚБЖ жобасы шеңберінде қазақстандық қамтушылардың 2,3 миллиард АҚШ долларын құрайтын тауарлары мен қызметтерін сатып алды. Жоба 2021 жылы қазақстандық қамту бойынша, жоспардағы 32% -ды 37%-ға жеткізіп, тамаша нәтижелерге қол жеткізді.

ККЖ-ҰЕҚБЖ жобасындағы оқыту және біліктілікті арттыру

ТШО-ның отандық кадрларды оқыту жөніндегі бастамасы Қазақстанның мұнай-газ саласында сұранысқа ие білікті жұмыс күшінің қолжетімділігін арттыруға бағытталған. Жоба Қазақстан бойынша болашақ жобалар үшін инженерлік, құрылыс саласындағы және басқа да техникалық кәсіптер дағдыларын мәңгілік мұра етіп қалдыруды көздейді.

2019-2021 жылдар аралығында ТШО Маңғыстау облысында оқытудың 6, Атырау облысында 5 кезеңін ұйымдастырды. 2021 жылы ККЖ-ҰЕҚБЖ қызметкерлерін оқыту табысты өтті. 10 000-нан аса қызметкер бағалаудан, 6 000-ға жуық адам оқудан өтті. Жыл техникалық дағдыны дамыту саласында жемісті болды. Аталған бастама жобаның 26 000-нан астамын бағалаудан өткізуге және 22 000-ға жуық адамды оқытуға мүмкіндік берді. Мақтануға тұрарлық жетістік.

Үміткерлер 11 пәннің бірі бойынша оқуға қатысты: құрылымдық дәнекерлеуші, құбыр дәнекерлеуші, құбыр құрастырушы, болат құрылымдарын құрастырушы, құрылыс сатысын құрастырушы, электрик-слесарь, аспап орнатушы, құрылысшы, құм үрлеуші, сырлаушы және оқшаулаушы. Таңдалған пәнге байланысты оқыту ұзақтығы 2 айдан 4 айға дейін өзгереді. Оқыту кезеңдерге бөлінеді және оны ККЖ-ның аккредиттелген оқу орталықтары; West Way Services, Ақтау оқу орталығы, АРЕС PetroTechnic колледжі және өндірістік-зертханалық-оқу орталығы жүргізеді.



Жаңа технологияға көшу

Жергілікті қамтудың табысты дамуының негізгі көрсеткіштерінің бірі- цифрлық трансформация және оған компанияның барлық қызметкерлерінің белсенді қатысуы.

2021 жылы ТШО тобы өз қызметкерлерінің қабілетін және өндірістің жалпы дамуын ынталандыратын бірнеше жеке шешімді жүзеге асырды. Сондай шешімдердің бірі- тауарлардың электронды рұқсатнама қосымшасы. Ол материалдық рұқсатнаманы құру, рұқсат беру және растау процестерін автоматтандыру арқылы материалдар қозғалысын тиімді бақылауды қамтамасыз етеді. Қауіпсіздік қызметі мен материал және техникамен жабдықтау қоймасы топтары нақты уақыт режимінде материалдарды жеткізу туралы хабардар етіледі, осылайша ықтимал кешігулерді азайтады және материалдарды бақылаудың ашықтығын арттырады. Бұл үдерістерді цифрландыру қол жұмысын қысқарту есебінен өнімділікті арттырады және бекеттердегі кезекті күту уақытын азайтады. Сонымен бірге қауіпсіздік талаптары жоғары материалдарды (HSRM) босатудан орнатуға, қайта өңдеуге немесе қайтаруға дейін бақылауға мүмкіндік беру арқылы қауіпсіздікті арттырады.

Күрделі жөндеу жұмыстары кезінде енгізілген инновация жұмыс процесін жақсартуға, Теңіздегі қызметкерлердің денсаулығы мен қауіпсіздігін қорғауды жақсартуға ықпал етеді. Әрі жоспарлауды және сапаның жоғары стандарттарын жетілдіреді. Сондай жарқын мысалдың бірі- 2021 жылы Екінші буын зауыты мен Шикі газ айдау зауытындағы (ЕБЗ/ШГА) күрделі жөндеу жұмыстарын цифрлық қолдау. Нәтижесінде жөндеу жұмыстары жоспарлы мерзімнен төрт күн бұрын сәтті аяқталды. Жұмыстың алға жылжуын бақылау және тез қол жетімді мәліметтер негізінде уақытылы шешім қабылдау үшін мобильді планшет қолдануды қамтамасыз ететін LTE стандартының жеке жүйесі қызметі орнатылды. Анағұрлым жоғары дәлдікпен өлшеу есебінен жөндеу жұмыстарын жоспарлауды жақсартатын 3D модельді нысандар салынды. Сондай-ақ, Digital Onboarding қосымшасының енгізілуі ТШО нысандарына кіру тиістілігін арттырды және Теңіз нысандарының біріндегі күрделі жөндеуге қажет деп табылатын қызметкерлер есебінен 6 000-нан астам адамға рұқсатнама беру уақыты қысқарды.

2021 жылы ТШО-ның бас директоры Кевин Лайон Нұрсұлтан қаласында «Digital Bridge» форумы шеңберінде өткен цифрландыру бойынша жобалар көрмесінде Қазақстан республикасы Президенті Тоқаевқа компанияның цифрландыру саласындағы жетістіктерін айтып берді. ТШО цифрлық таланттарды дамыту және қалыптастыру арқылы Қазақстан Республикасындағы цифрлық мүмкіндіктерді қолдауға қабілетті жұмыс күшін мұра ретінде қалдырады деп санайды. Кәсіпорын Atyrau Energy Challenge – мұнай-газ саласындағы стартап жобалар байқауының демеушісі, әрі жюри мүшесі болды. Байқау мұнай-газ саласындағы өндірістік процестерді жеңілдетуге ықпал ететін жаңа идеялардың пайда болуы мен дамуын ынталандыруға бағытталды.





Қызметкерлерді дамыту стратегиясы

ТШО-ның кадрлар стратегиясы «оңды нәтижелерге қол жеткізе білетін біліктілігі жоғары қызметкерлерді дамыту және олардың мүмкіндіктерін арттыруға инвестиция салумен түйінделеді».

ТШО-ның басымдықтары:

- Қысқа және ұзақ мерзімді кадрлық стратегияны жоспарлау. Бұл үдерісте басты назар – қазақстандықтарды жұмысқа қабылдау мен дамытуға аударылады.
- Қызметкерлер мен таланттарды басқару стратегиясы болашаққа керек қабілет пен дағдыларды ұдайы дамыта отырып, талантты кадрларды ұстап қалуға және дамытуға көмектеседі. Және де өзара байланыс пен ұжымдық рухты қолдауға ықпал етеді.
- Қажеттіліктері компанияның бизнес мақсатына сай келетін қызметкерлер тәжірибесін, мәселен, қызметкердің ұзақ мерзімді қызметін, тиімділігі жоғары жұмысын марапаттау арқылы толтыру, жағдайы мен тұрақты оқу мәдениетіне ықпал ету.
- Көшбасшылық қабілетті дамыту және сабақтастыққа қатысты жоспарларды басқару.
- Ұйымның барлық деңгейінде әр алуандылықты және ортақтастықты қалыптастыруға ынталандыру. ТШО компанияны табысқа жетелеу үшін әрбір адамның талантының, тәжірибесі мен идеяларының өзгеше болуына арқа сүйейді.
- «ТШО-ның сара жолы» құжатына сәйкес, біртұтас ТШО мәдениетін қалыптастыру. Ортақ мақсатқа, топтық жұмысқа, құрметке және кері байланысқа, ортақтастыруға, сенім мен мүмкіндіктерді кеңейтуге негізделген мәдениет – әр қызметкердің өз әлеуетін толық ашуына, әрі салада таңдаулы болуына қажет.

Кадр стратегиясын жүзеге асыруды төмендегі негізі пункттер анықтайды.

Ресурстарды жоспарлау стратегиясы – тиісті рөлдерге сай, қажетті дағдылар мен құзыреттерге ие адамдардың қажетті санын және экономикалық тиімділігін қамтамасыз ету.

- ТШО бизнес стратегияларын орындау, олқылықтарды және олардың сандық мөлшерін анықтау және іс-әрекеттерге басымдық беру үшін қажет қазіргі және болашақ талант иелерін және аса маңызды/негізгі құзыреттерді анықтайды.
- Ағымдағы және ұзақ мерзімді іскерлік қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін қажетті білім, дағдылар мен мінез-құлыққа ие немесе талант иелерін тарту, оларды дамыту және ұстап қалуға бағытталған тұтас және стратегиялық тәсіл жасақтап, енгізді.
- ТШО-ның жұмысқа қабылдау процесі озық технологиялар пайдаланылу арқылы ашық жүргізіледі. Біз барлық ықтимал үміткерлердің өтініш беруге тең қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында бос орындарымызды жариялау үшін сыртқы веб-сайтты пайдаланамыз. Біз тек тәжірибелі мамандарды ғана емес, сонымен қатар компанияның қажеттіліктерін ескере отырып, жоғары оқу орындарының талантты түлектерін де жұмысқа қабылдаймыз.

Қызметкерлерді дамыту және оқыту

Оқыту және дамыту бағдарламалары - ТШО жеке және топтық тиімділікті арттыру үшін, оқыту мен дамыту бағытындағы анағұрлым тиімді шараларды жүзеге асырады.



Компания қызметкерлерінің қауіпсіздігіне аса жоғары басымдық береді. ТШО мен мердігер ұйымдардың барлық қызметкері жұмысты жарақатсыз немесе жазатайым оқиғасыз орындау үшін міндетті түрде қауіпсіздік техникасы сабақтарынан өтеді.

ТШО жаңадан қабылданған қызметкерлердің қысқа мерзімде жұмысты тиімді атқаруына қол жеткізулерін қамтамасыз ету үшін компания мен агенттіктердің қызметкерлеріне міндетті «Қызметкерлерді бейімдеу» бағдарламасын енгізді.

Техникалық және кәсіби біліктілікті дамытуды жеделдетуде «Horizons» бағдарламасы техникалық мұнай функциялары үшін табысты қолданылуда, ал қосалқы функциялар осы бөлімдердің қажеттіліктерін қанағаттандыратын арнайы бағдарламалармен қамтылған. Бағдарламалар техникалық оқыту, тәлімгерлік, лауазымдық тағайындамалар мен құзыреттілікті бағалаудан тұрады, бұлардың әрқайсысы бірін-бірі нығайтады.

Жоғары құзыретті жұмыс күшін дамыту мен қолдаудың басты элементтерінің бірі – **Көшбасшылықты дамыту бағдарламасы**. Бағдарлама «We Lead» құзыреттілік моделіне негізделген және әртүрлі ұйымдық деңгейлерге арналған оқу бағдарламаларын, тәлімгерлік, коучинг қызметтерін және Жаңа Басшының сіңісуі үдерісін қамтиды.

Тіл үйрету курстары (қазақ және ағылшын тілдері) ТШО қызметкерлерін оқыту және дамыту бағдарламаларының ажырамас бөлігі болып табылады, бұл жұмыс орнында қарым-қатынасты тиімді жүргізу және жергілікті және әлемдік деңгейде бизнес жүргізу мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

Сабақтастықты жоспарлау және Ұлтандыру

ТШО кез келген уақытта компания негізгі көшбасшылық және техникалық позицияларға қол жеткізуге қажетті қабілеті, білімі, дағдылары, көшбасшылық мінез-құлқы мен тәжірибесі бар «мықты резервтік әлеуетке» ие болуды қамтамасыз ету үшін стратегиялық бағдарламалар мен процестерді жүзеге асырады. 2007 жылдан бері ТШО-ның 407 ұлттық қызметкері жоғары, орта буын басшылық пен негізгі инженерлік лауазымдардағы шетелдіктерді алмастырды.

Кадрларды дамыту үшін оларды халықаралық деңгейдегі және мемлекет аумағындағы қызметтерге уақытша тағайындау. Компания талантты қызметкерлерге ТШО-ның серіктестік ұйымдарында, көбінесе Шевронда жұмыс тәжірибесінен өту мүмкіндігін береді, тағайындалғандардың түрлі тәжірибелермен танысуын және бірегей құзыреттердің дамуын, халықаралық стандарттарды, технологияларды және озық тәжірибелерді меңгеруін қамтамасыз етеді. 1999 жылдан бері ТШО-ның 360 ұлттық қызметкері халықаралық және мемлекет аумағындағы компанияларға уақытша қызметке тағайындалды. Кейін компанияға қайта оралды.

Мансаптық дамуды жоспарлау – ТШО көшбасшылық пен техникалық құзыретті дамытуды жеделдету үшін қызметкерлерге мансаптық өсудің тиімді мүмкіндіктерін ұсынады, олар жоғары әлеуетті қызметкерлерге, болашақ көшбасшыларға және ізін басушыларға арналған мақсатты/нақты тапсырмаларды басқару және орындауды қамтиды, сондай-ақ ТШО таланттар қорына және олардың мансаптық даму жоспарларына сәйкес ілгерілеуін қамтамасыз ету үшін үнемі шолу жасап, талқылаулар жүргізеді.

Сонымен қатар, компания өз қызметкерлерінің білім алуына қаржы бөледі, олардың магистрлік және докторлық бағдарламаларды меңгеруіне қаржылай көмек көрсетеді. 2009 жылдан бері осы бағдарламаны 219 қызметкер пайдаланды, олардың 31-і қазіргі уақытта оқуларын жалғастыруда.

Жалпы, 2008 жылдан бері компания ұлттық қызметкерлерді дамытуға 86 миллион АҚШ долларынан астам қаржы бөлді.



Әлеуметтік пакет

Талантарды ұстау стратегиясы – ТШО дарынды қызметкерлерді тарту, ынталандыру және олардың компаниядан кетпеулері үшін лайықты әлеуметтік жеңілдіктер мен даму мүмкіндіктерінің сенімді әлеуметтік пакетін ұсынады.

ТШО-ның сыйақы жүйесі бірлік, сенімділік, бәсекеге қабілеттілік қағидаларына негізделген және жеке көрсеткіштерді арттыруға ықпал етеді (ҚҚБ нәтижелері бойынша төлемақы).

Қызметкерлерді ынталандыруға, жұмыс тиімділігін арттыруға бағытталған сыйақы жүйесі қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді сыйақы төлемдерінен тұрады. Сонымен қатар, кәсіпорында қызметкерлерге ақылы әлеуметтік еңбек демалысын беру, жыл сайынғы еңбек демалысын беру кезінде сауықтыру жәрдемақысын төлеу және т.б бірқатар қосымша жеңілдіктер жасау қарастырылған.

Еңбекті бағалау және марапаттау бағдарламасы

ТШО-ның еңбекті бағалау және марапаттау бағдарламасы қызметкерлердің оңды мінез-құлқын қолдауға, компания табысына қосқан елеулі үлесін бағалауға бағытталған. Жұмыстың жақсы атқарылғанын мойындап, ол үшін алғыс білдіру, қызметкердің еңбегі бағаланғанын білдіру табыстың көбеюіне және қолайлы жұмыс жағдайының орнауына оң ықпал етеді.

Медициналық сақтандыру

ТШО Қазақстан Республикасы заңдылығына сәйкес, қызметкерлерді міндетті сақтандырумен қамтамасыз етеді.

Қазақстандағы ТШО қызметкерлерін және олардың отбасы мүшелерін ерікті медициналық сақтандыруды Қазақстан Республикасының сақтандыру компаниялары жүзеге асырады.

Салауатты өмір салты және спорттық бағдарламалар

Салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында ТШО-ның барлық қызметкерлері фитнес-сауықтыру орталықтарының қызметтерін пайдалана алады, оның шығынын компания төлейді.

Бұған қоса, «Кемел» ішкі сауықтыру бағдарламасы қызметкерлерге денсаулығын нығайтып, жақсы көңіл-күй сыйлауға көмектеседі. Кемел – қазақтың «кемелдікке/мінсіздікке ұмтылу» деген сөзі. Бұл бағдарлама үш аспектіден тұрады: салауатты өмір салты, белсенді өмір, бос уақыт.

Өткен жылы Кемел тобы 10 000-нан астам қатысушыны қамтитын 67 онлайн шара мен турнир өткізді. Олардың қатарында күнделікті дене жаттығулары, 800 Ккал бағдарламасы, «Кемел» шахмат турнирлері, сауықтыру вебинарлары, сауықтыру кеңесшісі бағдарламасы, фитнеске қатысты кеңестер, «Квантум » зияткерлік ойыны, рецепттер байқауы, ТШО таланттарының шоуы, сурет салудан байқау,Наурыз мерекесі мен мұнай және газ саласы қызметкерлерінің күніне арналған онлайн- концерттер бар.

Медициналық қызметтер

Вахталық әдіспен жұмыс істейтін компания қызметкерлері Теңіз кеніші аумағында орналасқан медициналық емхананың қызметін пайдалана алады.

Еңбек сіңірген жылдары үшін марапаттау бағдарламасы

Бағдарлама шеңберінде жыл сайын қызметкерлерге ТШО-да еңбек еткен жылдарына (5 жыл және одан да көп) орай, «Еңбек сіңірген жылдары үшін сыйақысы» мен ТШО эмблемасы бейнеленген төсбелгі тапсырылады. 2021 жылы аталған бағдарламаға ТШО-ның 431 қызметкері қатысты.

Тұрғын үй несиесін алуға ықпал ету бағдарламасы

ТШО көп жылдардан бері тұрғын үй сатып алу және тұрғын үй жағдайын жақсарту мақсатында пайызсыз несие беру арқылы тұрғын үй несиесін алуға ықпал ету бағдарламасын жүзеге асырып келеді. 2020-2021 жылдары 278-ден астам қызметкер тұрғын үй несиесіне қол жеткізді.

ТШО қызметкерлерінің балаларына арналған «Мирас-Атырау» балалар бақшасы

ТШО 2014 жылы Атырауда тұратын ТШО қызметкерлерінің балаларын балабақшамен қамтамасыз ету үшін «Мирас-Атырау» балалар бақшасының құрылысын қаржыландырды. Балалар бақшасының оқу бағдарламасы Нұрсұлтан Назарбаев білім беру қорының жаңа бағдарламалары мен әдістемелері бойынша әзірленген.

«Жас Ұрпақ» бағдарламасы

Бағдарлама компания қызметкерлерінің балаларына ұлттық және шетелдік университеттер мен колледждерде жоғары білім алуына қаржылай көмек көрсетуге бағытталған.

ТШО 1998 жылдан бері жоғары білім алушыларға көмек ретінде 7.3 миллион АҚШ долларын жұмсады. 2020-2021 жылдары бағдарламаға 86 студент қатысты.

Балалар демалысы бағдарламасы бойынша шығынды ішінара өтеу

ТШО қызметкерлерінің балаларымен демалыс шығындарын өтейді.



2021

Randstad Employer
Brand Research

Тенгизшевройл

самый привлекательный работодатель
Казахстана

Казахстан

Қызметкерлердің алуан түрлілігі және ортақтастыру

ТШО үшін қызметкерлерінің алуан түрлілік пен ортақтастыққа ұмтылуы, серіктестік, біртұтастық пен сенімділік танытуы, жоғары көрсеткіштерге қол жеткізуі және адамдар мен қоршаған ортаны қорғауға ұмтылуы маңызды. Сондықтан қызметкердің жыл сайынғы еңбек көрсеткіштерін олардың нәтижелерге қалай қол жеткізгендеріне және жыл бойы қандай мінез-құлық үлгілерін көрсеткеніне ерекше көңіл бөлінеді. Алуан түрлілік пен ортақтастыру «ТШО-ның сара жолындағы» негізгі құндылықтар болып табылады және де біз әрбір қызметкеріміздің тәжірибесі, ұлты, этникалық құрамы, жынысы, жасы, білімі және әлеуметтік-экономикалық жағдайы, діни және саяси көзқарастары мен жеке басының ерекшеліктері арқылы жұмыс орнына орасан зор құндылық әкеледі деп санаймыз.

Қызметкерлер қоғамдастықтары

Қызметкерлердің қызығушылықтар бойынша қоғамдастығы - мәдени өзгешеліктер қоғамдастығы, әр жастағы қызметкерлерді біріктіретін XYZ қоғамдастығы және Әйелдер қоғамдастығы (WEN). Аталған қоғамдастықтар қызметкерлерімізге оқу, білім мен тәжірибені дамытып, бөлісуге қосымша мүмкіндік береді. Мәселен, мәдени өзгешеліктер қоғамдастығы алуан түрлі мәдениеттер арасындағы мәдени ортақтастықпен үйлесім ортасын қалыптастырады, айырмашылықтарымызды түсініп, құрметтей отырып, ортақ тұстарымызды айқындауға ықпал етеді. XYZ қоғамдастығының Атырау бөлімшесі 2013 жылы құрылды, құрамы ТШО мен Шеврон құбыр зауытының қызметкерлерінен тұрады. Қазіргі уақытта XYZ Атырау бөлімшесінде 700-ден астам мүше бар. XYZ қауымдастығының миссиясы - ұрпақтарды байланыстыру, әріптестермен тәжірибе және идеялармен алмасу үшін платформа қалыптастыру, бизнес-процестерді меңгеру және жаңашыл идеяларды ұсыну. Әйелдер қоғамдастығы (WEN) 2013 жылы құрылды, мақсаты - әйелдер қауымының жұмыс орнында кездесетін қиындықтары мен мүмкіндіктері туралы қоғамның хабардарлығын арттыру арқылы қызметкерлердің мүмкіндігін ұлғайтып, шабыттандыру және дамыту.

ТШО қоғамдастықтары өткен жылы 10 000-нан астам қатысушыға 100-ге жуық онлайн шара өткізді, ТШО басшылары және сарапшыларымен көптеген подкасттар жазылды, пандемия кезінде көпшілікке қолдау көрсету үшін әр аймақтағы қызметкерлердің басын қосып, онлайн-концерттер ұйымдастырды, қайырымдылық шараларын өткізді. Қарттарға, жағдайы төмен отбасыларға, балалар орталықтарына, қоғамның осал топтарына COVID-ке қарсы жеке қорғаныс құралдарын таратты. Атырау облысының білім беру ұйымдары үшін шеберлік сабақтары ұйымдастырылды.

Бұған қоса, ТШО қоғамдастықтарының мақсаты - қызметкерлердің өзін-өзі дамытуына жағдай жасау, тәжірибе алмасу, кәсіби даму, қайырымдылық шаралары мен басқа да іс-шаралар арқылы компания мәдениетіне, сонымен қатар жергілікті қоғамға пайда келтіру!

Цифрлық мәдениет

Кәсіпорынның цифрлық мүмкіндігін кеңейту жоспары шеңберінде жүзеге асқан тамаша бастамалардың бірі – Шеврон мен ТШО-ның бірлескен бағдарламасы. Ол Массачусетс технологиялық институтымен (МТИ) және Райс университетімен жобалау, басқару және цифрлық технологияға негізделген бір жылдық магистрлік бағдарлама. Бағдарлама біздің қызметкерлерге тереңдетілген оқу бағдарламасын меңгеруге және цифрлық құралдар мен концепциялар кеңінен қолданылатын салада жұмыс істеуге көмектесу үшін жаңа деректерді талдау мен басқа да техникалық дағдыларды игеруге мүмкіндік береді. Бағдарлама бойынша алғашқы екі стипендиат 2021 жылы Массачусетс технологиялық институты мен Райс университетін сәтті аяқтап, компаниядағы екі маңызды лауазымды еншіледі. Бұған қоса, тағы екі қызметкер осы бағдарлама шеңберінде магистр дәрежесін алуда. Келесі екі үміткер 2022 жылдың тамызында оқуға аттанады.

2021 жылы ТШО екі маңызды бастамаға қолдау білдірді: Деректер туралы ғылымды дамыту және цифрлық пионерлер бағдарламалары. Алғашқысы ресурстар шектеулі болған жағдайда ұйымдастыру мүмкіндіктерін дамыту үшін, деректер талдауын тезірек дамытудың тәсілдерін іздеу. Бағдарлама машина көмегімен жаңа бизнес ұғымдарын қабылдауға мүмкіндік берді және енгізу жылдамдығын арттыра отырып, деректер туралы ғылымның жұмыс үдерісінде салалық мамандарды терең байланыстырудың балама әдістерін дәлелдеді. Екінші бағдарлама қуатты құралдарды пайдалана отырып, жаңа дағдыларды меңгеруге және өзіне-өзі қызмет көрсетудің цифрлық мүмкіндіктерін құруға дайын талантты әріптестерімізді анықтап берді. 150-ден астам әріптестер цифрлық пионерлер болды, тәлімгерлерімен өздерінің жаңашыл идеяларымен бөлісіп, өз бөлімдерінің қажеттіліктеріне арналған шешімдерді әзірлей алды. Сонымен қатар, ТШО 35-тен астам үміткердің қатысуымен PowerApps және роботтық процестерді автоматтандыру бойынша екі сәтті хакатон өткізді. ТШО-ның бұл бастамалары кез келген қызметкердің білігі мен даярлығына қарамастан, цифрлық жүйені еркін меңгеруін арттыру және бизнес мәселелерін шешу үшін технологиялық шешімдерді жасау және құндылықты қамтамасыз етуде цифрлық портфолиоларды жеделдету үшін ТШО-ның цифрлық экожүйесіне қосыла алатынын дәлелдеді.



ТШО цифрландыру бойынша хабардарлықты арттыру және білім алмасуды тиімді жалғастыру үшін тәжірибе алмасу шараларын өткізуді жалғастыруда. Оған мұнай-газ саласындағы цифрландыру тенденциялармен және басқа компанияларда жүзеге асырылған цифрлық жобалармен айналысатын сыртқы спикерлерді, сондай-ақ компанияның ішкі көшбасшыларын шақырдық. Кездесуде ТШО-дағы цифрлық жобалар туралы айтылып, тәжірибе алмасылды. Шақырылған спикерлердің айтуынша, 2021 жыл жемісті жыл болды: ТШО Қазақстандағы цифрландыру туралы сөз сөйлеген ҚР Энергетика вице-министрін, «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясының трансформация және цифрландыру департаментінің директорын және НКОК компаниясынан өздеріндегі цифрлық трансформация барысымен бөліскен арнайы қонақтарды қабылдау құрметіне ие болды.



Қазақстан Республикасы,
Атырау қаласы, Сәтпаев көшесі, 3

+7 712 227 1212
+7 712 302 6000
+7 712 302 6752

tcoinfo@tengizchevroil.com





www.tengizchevroil.com